


**ҚҰДАЙДЫ ҚАЛАЙ ТАНЫП  
БІЛУГЕ БОЛАДЫ?**



**К. Тэйлор**

**Кеннет Тэйлор**

## **ҚҰДАЙДЫ ҚАЛАЙ ТАНЫП, БІЛУГЕ БОЛАДЫ?**



**«ШЫГЫС  
СӨУЛЕСІ»**

УДК 2  
ББК 86 3  
Т 31

допнест таныс

Кеннет Тейлор  
Құдайды қалай танып, білуге болады? – Алматы:  
ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2009 – 94 бет

ISBN 9965-896-09-7

Дана Нарас көзінде

Өздеріңізге ұсынылып отырған бұл кітапты «Мәсіх жолын ұстанушылар ілімінің қысқаша кіріспесі» деп атауға болады. Мұнда Құтқарушымыз Иса Мәсіх тұралы, сонымен қатар құнә, жұмақ, тозақ және т.б. тақырыптар жайлы сөз қозғалады.

УДК 2  
ББК 86 3

Т 0403000000  
00(05)-09

ISBN 9965-896-09-7

“ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ”, 2009

допнест

Өздеріңізге ұсынылып отырған бұл кітап – Киеle кітап әңгімелерінің жинағы емес. Оны «Мәсіх жолын ұстанушылар ілімінің қысқаша кіріспесі» деп атауға болады. Мұнда Құтқарушымыз Иса Мәсіх туралы, сонымен қатар күнө, жұмақ, тозақ және тағы басқа көптеген тақырыптар жайлы сөз қозғалады.

Киелі кітап әңгімелері жайлы жазылған кітаптар аз емес, бірақ сонымен қатар, балалар біздің ұстанатын іліміміздің осы уақытқа дейін белгісіздеу болып келген негізімен таныс болуға туіс.

Біздің балаларымыз Киелі кітаптың тамаша хикаяларын біліп қана қоймай, әр оқиғаның мағынасын да түсінуі керек. Олар бұл оқиғаның шынайылығы мен оның өздері үшін қаншалықты маңызды екендігіне көздерін жеткізуі туіс. Киелі кітап әңгімелері мен Киелі кітапты зерттеудің арасындағы осы өзара байланысты балаларға қысқа да қызықты етіп жеткізуге тырыстық.

Бала Киелі Жазбаны оқуды бастамас бұрын, оның бойында киелікітаптың шындықтардың іргетасы болуы туіс, ол соның негізінде ғана оқығандарының мағынасын түсіне алады.

Мұндай дайындығы бар бала болашақта көптеген қауіпті азғырушылықтарға қарсы тұра алады. Бала Киелікітап шындықтарын жастайынан дұрыс ұғына білсе – сенімді досына айналады.

Құдай Сөзі – бұл сенімді күш, мықты қорған. Бұл кітап балаларға осыны ұғындырады. Бұл кітапты отбасында күнделікті оқуды ұсынамыз. Оны балалармен сабак өткізуге дайындыққа пайдада-

лануға да болады. Спердженнің айтуынша, бұрын бүршақ еккенде шұңқырға үш бүршақтан салыпты, бірі – жердегі құрт үшін, екіншісі – құс үшін, ал үшіншісі – жеміс беру үшін.

Құдай Сөзін бапалар бойларына әбден сініріп, Киеle кітап шындығын естеріне сақтағанша біртіндеп үрету қажет.

Әр әңгіменің соңындағы ұсынылып отырған мінәжаттар жеткіліксіз; әркімнің мінәжатты өз сөзімен айтуға мүмкіндігі болуы тиіс.

Сініріп отырған мінәжаттар жеткіліксіз; әркімнің мінәжатты өз сөзімен айтуға мүмкіндігі болуы тиіс.

## 1. Бір ғана Құдай бар

Киелі кітапты оқымайтын және Құдай туралы өте аз билетін елдерде әлемде әр түрлі құдайлар бар деп сенеді. Олардың кейбірі – екі құдай, тағы біреулері – төрт құдай бар дегенге сенеді. Тіпті, жуздеген, мындаған құдай бар деп сенетін халықтар да бар. Ай мен күнді де құдай деп есептеп, оларға өз мұқтаждықтарын айтып жалбарынатындар да бар.

Ай мен күн бізге көмектесе ала ма? Әрине, көмектесе алмайды! Оларды Құдай жаратқан, сондықтан да олар құдай бола алмайды. Біз Құдайдың жаратқандарына емес, Оның Өзіне бас иуге тиіспіз.

Періштелерге мінәжат етуге бола ма? Олар да құдай болып санала ма? Жоқ. Періштелер тіршілік иелері болып табылады. Біз оларды көре алмағанымызben, олардың кейбірі біздің арамызда жүр. Бірақ, оларға табынуға болмайды! Періштелер – құдай емес, Құдайдың қызметшілері. Оларды Құдайдың Өзі жаратты. Олар Құдайды сүйеді және Оған қызмет етеді. Періштелердің көптігі сондай, біз олардың санын көз алдымызға елестете де алмаймыз.

Аспанда біздің сиынатын Құдайымыздан өзге де құдайлар бар ма? Бұл сұраққа тәмендегі мысалды оқып шыққан соң өзің де жауап бере аласың.

Бір қауым қызметшісі Сәуледен оның Құдай туралы түсінігі қандай екенін білгісі келіп:

- Сәуле, әлемде неше Құдай бар? – деп сұрады.
- Біреу, – деп жауап берді.

- Оны сен қайдан білесің?
- Себебі, әлемде өзге Құдайларға орын жоқ, – деп жауап берді кішкентай қыз – Біздің Құдайымыз бүкіл аспан мен жерді қамтып тұр.

Бұл өте жақсы жауап. Сондықтан біз Құдайды Оның жаратқандарының бәрінен артық сүюіміз керек.

**Оқу үшін:** Мысырдан шығу 20:1–6

**Сұрақтар:** Әлемде қанша Құдай бар?

Күн мен айға табынып жалбарынсақ, олар бізді ести ме?

Перштегерге табынуға бола ма?

**Мінәжат:** Аспандағы Өкеміз! Саган әлемдегі жалғыз Құдай екендігің үшін және Өзің жаратқанның бәрінен күшті болғаның үшін алғыс айтамын. Сені шын жүргіммен сүйіп, тек Өзіңе ғана қызмет етуіме көмектес. Мен мұны Иса Мәсіхтің атынан өтінемін. Аумин.

## 2. Құдай деген кім?

Құдай – Тұлға. Ол аспанда тұрады. Киелі кітапта айтылатын бұл аспан – біз күнде көріп жүрген, көгінде бұлттар қалықтап, ұшақтар ұшып жүрген кәдуілгі аспан емес. Құдай тұрған аспанды біз көре алмаймыз. Біз Құдай аспанда дегенімізбен, ол аспанның дәл қайда екенін білмейміз. Бірақ, оның ғажаптығын білеміз және бәріміздің сонда барғымыз келеді. Егер біз Құдайды танып, Оны сүйетін болсақ,

онда өлгеннен кейін Құдай мен Оның періштепері тұрған жерге барамыз.

Құдай – Рух екенін білесіндер ме? Бұл оның денесіз Тұлға екенін білдіреді. Сенде де, мен де де рух өмір сүретін дene бар. Ал Құдайға дene қажет емес.

Ол жарық дүниедегі ең таңқаларлық тіршілік Иесі. Ол ешқашан қателеспейді. Құдайдың ұлылығы соншалық, Ол үшін мүмкін емес нәрсе жоқ. Ол Өзі қалағанның бәрін де жасай алады. Құдай бүкіл әлемді: аспан мен жерді, шөп пен ағаштарды, күнді, ай мен жұлдыздарды жаратты. Ол періштеперді жаратты, сені мен мені де жаратқан Сол. Көзге көрінетін және көрінбейтін нәрселердің бәрін бір Құдай жаратты. Ол күнді күркіретеді, найзағайды ойнатып, қар мен жаңбырды жаудырады.

Сонымен, Құдай қайда тұрады? Біз Оның аспанда екенін білдік. Бірак, Ол осында, біздің арамызыда да жүр және бізді естіп тұрады. Құдайдың бір мезгілде барлық жерде бола алатыны таңқаларлық нәрсе емес пе? Ол үлкен мұхиттардағы кемелердегі жолаушылармен бірге болады, сонымен бір мезгілде алыс елдердегі Ізгі хабар таратушыларды да қорғап жүреді. Біз тек бір орында ғана бола аламыз. Құдай болса, бір мезгілде барлық жерде бола алады.

Біз үшін ең маңыздысы – Құдай бізді сүйеді және сондықтан да біздің қамыымызды ойлайды. Біздер де Құдайды сүйгендіктен, Оны ренжітетін қылыштар жасағымыз келмейді.

**Оқу үшін:** Ишая 6:1–8  
**Сұрақтар:** Құдайда дene болa ma?  
Дәл қазір Құdай қай жерде тұр? Тым  
болмағанда екі орынды атап берші.  
Құdай қаранғыда, тұнде көре ала ma?

**Mінәжат:** Біздің ұлы Құdайымыз! Ұдайы біздің  
қамымызды ойлап жүретіндігің үшін Саған  
алғысымды айтамын. Аумин.

### 3. Құdай қайдан пайда болған?

Құdай туралы естіген көп жайттарды түсіну – біз үшін қыын. Мысалы: Оның бір мезгілде барлық жерде бола алатынын алып қарайық. Мұны біз, тіпті, көз алдымызыға да елестете алмаймыз. Құdай да оның сырын бізге айтқан жоқ. Бірақ, уақыты келіп, көкке барғанда бәрінің жауабын аламыз.

Құdай қайдан пайда болды? Оның әкесі мен шешесі болды ma? Жоқ, Құdайға әкенің де, шешенің де қажеті болған жоқ. Ол ешқашан туылған емес және көkte кішкентай бала болып өскен емес, себебі Ол әрдайым бар болды. Ол әрдайым ұлы болды және Ол қазіргі күні де ешқандай өзгерген жоқ.

Құdай сен және сенің ата-бабаң туылғаннан бұрын да бар болатын. Таулар да, ағаштар да, аңдар да әлі болмай тұрған кезде – Құdай болды. Әлемде мүлде ештеңе болмаған кезде-ақ Құdай бар болатын және Ол мәңгі бола береді.

Біз де мәңгі өмір сүреміз. Құdай бізді сол үшін жаратқан. Бірақ біз үдайы жер бетінде өмір сүрмейміз. Күндердің күнінде біздің денеміз қартаяды да, жерді

тастап кетуге мәжбүр боламыз. Ал егер жер бетінде жүрген кезімізде Құдайды сүйген болсақ, онда біз көкке – Құдайдың жанына мәңгілік өмір сүруге бара аламыз.

Құдайды суюдің орнына тек өздерін жақсы көретін ақылсыз адамдар жер бетінде аз емес. Олар өлген соң Құдай оларды көкке қабылдай алмайды. Олар мәңгі бақи қараңғы қапаста қалып, Құдайдан алыс өмір сүреді.

Біз мәңгілік өмір сүретін болғандықтан, жер бетіндегі өмірімізді дұрыс өткізуіміз қажет. Сендерге өзінің мәңгілік өмір сүруге тиіс екенін ұмытып кеткен бір бай адамның тарихын айтып берейін.

Оның егіні бітік шығып, мол өнім алады. Оның қамбасы астыққа толып қалады. Астығын қымбатқа сатып, байыған үстіне байи түсуді ойлаған ол бұған қатты қуанады.

«Бұл тамаша болды! – деді ол өзіне-өзі. – Енді маған жұмыс істеудің қажеті жоқ. Астық сатудан түскен ақшама не қаласам да сатып алуыма болады!»

Кешке ұйықтауға жатқан кезде оның бар ойы өзінің байлышының төнірегінде болды. Табысының бір бөлігін мұқтаждықта жүргендермен бөлісу туралы ой оның қаперіне де кірмеді.

Сол түні ол өліп қалды. Енді оның Құдай алдында есеп беруіне тұра келді. Өзінің Құдайға қызмет етуге, кедейлер мен ауруларға қарасып тұруға тиіс болғанын ол енді есіне алды. Бірақ, тым кеш еді.

Сендердің ешқайсыларың өлгі адам секілді ақылсыз болмас деп үміттенемін!

**Оқу үшін:** Лұқа 12:16–28

**Сұрақтар:** Құдайдың туылған күні бар ма? Ағаштар мен таулар өлі болмай тұрған кезде Құдай болды ма? Құдай қай уақыттан бері бар? Сен өлгеннен кейін қанша өмір сүресің?

**Мінәжат:** Көктегі Әкеміз! Мәңгі өмір бергенің үшін Саған алғысымды айтамын. Өзіңе ұнамды өмір сұруіме көмектес. Мұны мен Иса Мәсіхтің атынан сұраймын. Аумин.

#### 4. Егер Құдайды көре алмасақ, Оның бар екенін қалай білеміз?

Желді кім көре алады? Мен көре алмаймын, әрине, оны сен де көре алмайсың.

Біз желді көре алмағанымызben, оның бар екенін білеміз. Желдің соққанын басымыздығы шашымыздың желбірегенінен, тербетілген шөп пен сыйбырлаған бұталардан білеміз. Ал желдің өзін ешкім, ешқашан көрген емес.

Сол сияқты, Құдайды да көре алмаймыз. Бірақ, біз Оның шынымен бар екенін біле аламыз. Мұны біз Оның істеген істері арқылы білеміз.

Құдайдың бар екенін дәлелдейтін, Ол атқарған бірнеше істі айтып бере аласың ба?

Мысалы, жұлдыздарды, айды, күнді алайық. Олар аспанға өз беттерімен орналасты ма? Әрине, жоқ! Оларды біреу сонда орналастыруды ғой. Үйді көргенде, сен оны жерден өсіп шықты деп

ойламайсың ғой. Оны біреулердің салғанын білесің. Аспаннан сансыз көп жұлдыздарды көргенде, біз олардың да онда өздігінен түрмағанын білеміз. Оларды сол жерге біреу орналастырды. Сол «біреу» деп отырғанымыз – Жаратушы Құдай Ие.

Құдайды неліктен көре алмайтынымызды біле-сің бе? Оның кереметтігі мен ғажаптығы сонша, біз Оны көрген бетте өліп кетер едік. Егер біз Оның айтқандарын мұлтіксіз орындастын болсақ, күндердің күнінде Ол бізді Өзіне, кекке әкетеді де, сол жерде біз Құдайды Өз даңқында көреміз.

Қазір біз Құдайды көрмесек те, Оның бар екеніне сене аламыз және Оны сүйе аламыз. Киелі кітап бізге Құдай туралы, Оның бізге, адамдарға деген сүйіспеншілігі мен мейірімі жайлы айтады. Құдайды сую үшін, Оның Өзін көру міндетті емес.

Бірде бір әйел қызына Құдайды жақсы көруі керектігін айтады. Сонда қызы:

– Анашым, мен Құдайды бірде-бір рет көрмесем, қалай Оны жақсы көремін? – деп жауап береді.

Арада бірнеше күн өткенде әлгі қыз өзі өмірі көрмеген туыс апайынан пошта арқылы сыйлық алады. Қорапты жайлап ашқан қыз оның ішінде жатқан суреттері бар өдемі кітапшаны көреді. Ол кітапты қызықтай парақтап, әбден қарап шыққан соң шешесіне жүгіріп келіп:

– Анашым, мынау қандай керемет кітап! Мұны жіберген апайым неткен тамаша адам? – дейді.

– Бірақ, сен оны бір рет те көрген жоқсың ғой!

– Оның рас, – деп жауап берді қыз. – Бірақ, мен оның жақсы адам екенін сеземін. Мұндай тамаша кітапты тек жақсы адам ғана жібереді!

Біз де солай, Құдайды ешқашан көрмесек те, Оны жақсы көре аламыз. Ол бізге көптеген тамаша нәрселерді: үйімізді, ата-анамызды және басқа да көптеген игліктерді сыйға тартты. Сондықтан біз Құдайдың Өзін әлі көре алмасақ та, Оны жақсы көруге және Оның біз үшін істегендеріне риза болуға туіспіз.

**Оқу үшін:** Жар. баст. 1:14–28

**Сұрақтар:** Сен желді көре аласың ба? Оның бар екенін қайдан білесің?

Сен Құдайды көре аласың ба? Оның бар екенін қайдан білесің? Бірнеше мысал келтір.

Біз Құдайды неліктен қазірше көре алмаймыз?

**Мінәжат:** Жаратушы Ие! Көрсеткен құдіреттерің арқылы Сенің бар екенінді білемін. Самсаған жұлдыздар, күн мен ай – бәрі Сенің құдіретінді білдіреді. Күндердің күнінде Өзінің қандай екенінді көретінім үшін алғысымды айтамын. Аумин.

## 5. Әке Құдай, Ұл Құдай және Киелі Рух Құдай

Біз дүниеде тек бір Құдайдың ғана бар екенін білеміз. Келесі айтатынымызды түсіндіру өте қыын болғандықтан, енді аса мұқият болуымыз керек. Бұл тақырып Киелі Жазбадағы ең маңызды тақырыптардың бірі болып табылады.

Біздің Аспандағы Әкеміз – Құдай. Ал енді сендер

Иса Мәсіхтің де Құдай екенін білуші ме едіндер? Сондай-ақ, Киелі Рух та – Құдай. Олардың үшеуі де Құдай. Бірақ, бұл үш Құдай бар дегенді білдірмейді. Біздің Жаратушымыз – үшбірліктен тұратын Құдай.

Бұл үш Тұлға: Әкесі, Ұлы және Киелі Рух – қалайша бір Құдай саналады? Мүмкін, Иса – мәңгілік Құдайдың басқа аты шығар? Жоқ! Әкесі, Ұлы және Киелі Рух – бір Құдайдың әр түрлі аты ғана емес. Былайша айтқанда, Құдайдың әр түрлі міндеттері бар. Аспан мен жерді Әке Құдай мен Ұл Құдай жаратты. Иса былай дейді: «Мен және Әкем – біртұтас».

Иса қайта тірілген соң, Әке Құдайдың жаңынан орын алу үшін аспанға қайтып оралды. Ол бізге Құдай болып саналатын Киелі Рухты жіберді. Бұл Киелі Рух Иса Мәсіхті қабылдаған адамдардың бойына қонағы.

Осылай болғанмен де, тек бір ғана Құдай бар. Енді осы үш Тұлғаның қалайша бір Құдай болатынын көз алдымызға елестетіп көрейік. Жоңышқаның жапырағына қара. Оның үш жапырақшасы болсада, бір жапырақ болып есептеледі. Немесе суды алайық. Әдетте ол сұйық күйінде болады. Қатты суық болған кезде ол қатып, мұзға айналады, ал қатты қызыса – буға айналып кетеді. Әйтсе де, судың да, мұздың да және будың да құрамдары бірдей. Бұл мысалдар біздің Құдайлық «үшбірлікті» түсінуімізге көмектеседі, дегенмен, оны біз аспанға барғанда ғана толықтай түсіне аламыз.

Мұны білу біз үшін өте маңызды, себебі, көптеген адамдар Исаңың – Құдай екеніне сенбейді. Егер Ол Құдай болмаса, онда Ол біздің Құтқарушымыз да бола алmas еді.

Егер де үшбірлік туралы ілімді толық түсіне алмасаңдар, оған қынжылмандаңдар. Сендер оған қарамастан Құдайға сеніп, Оның еркін орындаі аласыңдар.

**Оқу үшін:** Марқа 1:9–11; Жохан 16:7–15

**Сұрақтар:** Біз бір Құдайға ма, әлде, бірнеше құдайға сиынамыз ба?

Құдай Иеміз үш Тұлғадан тұрады.  
Оларды атап бере аласың ба?

**Мінәжат:** Ұлы Құдай – көктегі Әкеміз! Мен Сенің құдіретінді толықтай түсіне алмаймын. Бірақ мені сүйетінің үшін Саған алғысыымды айтамын. Өзінді бұдан да әрі жақсы көруіме, құрметтеуіме көмектес. Мен мұны Иса Мәсіхтің атынан сұраймын. Аумин.

## 6. Құдай адамды не үшін жаратты?

Құдай бізді не үшін жаратты және біз не үшін өмір сүреміз?

Құдай бізді Өзін жақсы көріп, құрметтеуіміз үшін жаратты. Біздің Құдайымыз – ұлы және шапағаты мол Құдай, сондықтан Ол бізден Өзіне риза болып, қуануымызды күтеді. Сонымен қатар, Ол Өзінің бізге деген ұлы сүйіспеншілігі туралы ойланғанымызды қалайды. Осы сүйіспеншілігін Ол біздің күнөларымыз үшін жаза тартқан Өзінің Ұлы Иса Мәсіхті осы әлемге жіберу арқылы көрсетті. Оның балалары бола алатындығымыз үшін біз Оған шын жүректен риза болуға тиіспіз. Бұған қоса, Құдай бізден маңайымыздағы адамдарды да жақсы көргенімізді

күтеді. Құдай бізді жақсы көрді, бұл біздің өзгелерді жақсы көруімізге күш береді.

Құдайдың адамды не үшін жаратқанын енді түсіндіндер ме? Ол бізге қажеттінің бәрін берді. Енді біз Құдайды мадақтай аламыз. Оны жақсы көріп, Оның еркін орындаі аламыз.

Ал сен Оны жақсы көресің бе? Ол осы өмірді саған сол үшін берді.

Мен Құдайды өте жақсы көрген бір адам туралы әңгіме естідім. Мұның Оған ұнамды екенін билетін әлгі адам Құдай туралы әндер айтатын. Кейбіреулер оған: «Сенің дауысың жаман ғой, одан да айтпай-ақ қойсаңшы», – дейді. Сонда ол: «Мениң көктегі Әкем дауысым қарғаның дауысынан жаман болса да риза болады», – деп жауап береді.

Егер біз Құдайды сүйсек, онымыз естіліп, әрі көрініп тұруға тиіс. Құдай оған қуанады.

**Оқу үшін:** Зәбүр 146

**Сұрақтар:** Құдай бізді не үшін жаратты?

Біз тек өзіміз үшін ғана өмір сүре аламыз ба?

Сендер қалай ойлайсыңдар, Құдай біздің дауысымыз жаман болса да, Оны мадақтап, ән айтқанымызды қалай ма?

**Мінәжат:** Көктегі Әкеміз, маған қайырымды бола түсуге, Сенің данқынды арттыру үшін өмір сұруіме көмектес! Мен мұны Иса Мәсіхтің атынан сұраймын. Аумин.

## 7. Ұлы Жаратушымыз туралы көбірек біле түсейік

Сен көп білесің бе? Сен машиналар, ұшақтар туралы білесің, сондай-ақ, оқи және жаза білесің. Бірақ, ата-анаң сенен де көп біледі. Адам өмір бойы үйренеді. Әйтсе де, бәрін білуғе ғұмыры жетпейді.

Бірақ бәрін білетін Біреу бар: Ол – Жаратушы Ие. Ол бәрін Өзі жасады және бәрін де Өзі біледі. Ол сениң қазір не ойлап отырғаныңды, тіпті, бұдан мындаған жылдар бұрын не болғанын да, болашақта не болатынын да біледі. Құдай, сондай-ақ, сениң Оны жақсы көретінінді немесе жақсы көрмейтінінді де біледі. Құдайдан бір нәрсені жасыру мүмкін емес, өйткені Ол барлық жерде болып, бәрін біліп тұрады және ештеңені ұмытпайды.

Өзі қалаған нәрсенің бәрін жасауға Құдайдың құдыреті жетеді. Оның қолынан келмейтін ештеңе жоқ. Ол науқасты сауықтыра алады. Ол дауыл соқтырып және оны қайта тоқтата алады. Ұлы Құдай адамдардың күнәсін кешіріп, оларға мәңгілік өмір сыйлай алады.

Құдайдың біз үшін аса маңызды тағы бір қасиеті: Ол ешқашан өзгермейді. Ол кеше, бүгін және мәңгілікке сол күйінде болады. Ол ешқашан қартаймайды және қуаты да азаймайды. Мүмкін, сениң қартайған атаң мен әжең бар шығар. Адам өзгереді. Жас кезінде олардың күш-қуаты бар, денсаулығы да мықты, ал қартайғанда – күш-қайраты кетеді. Ал Құдай әуел баста қандай болса, ғасырлар бойы сол күйінде қала береді.

Құдай бізді сүйеді, сондықтан бізге болашақты ойлап, қорқудың қажеті жоқ. Ол бәрін біз үшін ойластырып қойған. Біздің Құдайымыз – тамаша және құдыштікінің Құдыштікі.

**Оқу үшін:** Зәбур 8

**Сұрақтар:** Құдай жаратқан бірнеше нәрсені ата.  
Тек Құдай ғана білетін бір нәрсені айт  
Құдай қартая ма?

**Мінәжат:** Біздің керемет және мәңгілік Құдайымыз, Аспандагы Әкеміз! Мен Сенің қолыңнан бәрі келетіндігі үшін ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, Сенің маған деген сүйіспеншілігің ешқашан өзгермейтіндігі үшін алғыс айтамын. Сенің даңқынды шығарып өмір сұру үшін маған көмектес. Аумин.

## 8. Періштелер

Құдай адамды жаратпай тұрып, алдымен Өзі аспанда тұруға белгілеген тіршілік иелерін жаратты. Оларды Киелі кітапта – періштелер деп атайды. Біз оларды көре алмаймыз және олармен сөйлесе алмаймыз. Бірақ, олар бізді көреді. Олардың кейбіреулері бізге өте жақын, бізге көмектеседі және қорғап жүреді.

Әрине, бұл оларға сеніп, алаңсыз жүре беруге болады дегенді білдірмейді. Олай етсек, бізге Құдайсыз да өмір сүре аламыз деген ой келуі мүмкін. Құдай ешқашан да бізге қауіп-қатерсіз өмірді уәде еткен жоқ, бірақ Ол періштелеріне Өз балаларының қамын ойлап журуді бұйырды.

Кейбір періштегер айрықша дәрежеге ие. Мысалы, біз Киелі Жазбадан Жәбіреіл періште туралы білеміз. Ол – Құдайдың айрықша елшісі. Даниел пайғамбар Құдайға қатарынан бірнеше күн мінәжат еткенде, Құдай оған осы періштені жіберді. Кейіннен осы періште Жақия шомылдыруышының әкесі – Зәкерияға да келді. Сондай-ақ, ол Мәриямға келіп, Құдайдың оны Иса Мәсіхке ана болуға таңдап алғанын айтты.

Сонымен қатар, біз Киелі кітаптан бас періште Микайл туралы да оқимыз. Ол Құдай періштегерінің ішіндегі ең күштісі болып табылады.

Бетлеҳем даласына бір топ періште келді де, малшыларға Құтқарушының дүниеге келгенін қуана хабарлап, Құдайды мадақтаған әндер айтты.

Адамдар секілді, періштегерді де Құдай жаратты, сондықтан да біздің оларға табынуға қақымыз жоқ. Мүмкін, сенің: «Періште болған қандай жақсы», – деп ойлаған кездерің болған шығар. Шынтуайттап келгенде, сенің адам болғаның өлдекайда жақсы. Періштегер – Құдайдың қызметшілері. Ал біз – Оның балаларымыз. Құдайдың баласы болғаннан артық ешнәрсе жоқ! Біз Құдайдың өзімізді мәңгілік өлімнен құтқарып алғаны үшін қуануымыз керек. Ол бізді мәңгілікке қасына алуға уәде етті.

Мен сендерге періштені көрген бір жас жігіттің оқиғасын айтып берейін. Ол Еліше пайғамбардың қызметшісі еді. Пайғамбар Құдайдан халықа Оның еркі туралы хабарлауға бүйрек алған болатын. Бұрынғыдай күнәһар болып жүре бергесі келген адамдарды пайғамбардың уағызы қатты ызаландырды. Бірақ, пайғамбар уағыз айтуын

тоқтатқан жоқ. Сонда олар Елішеге қастық жасауды ойластырыды. Сөйтіп, патша Елішені жазага тартпақ болды. Патша оны тұтқындал өкелу үшін Еліше жүрген қалаға қалың әскер жіберді. Бір күні таңертең пайғамбардың қызметшісі қаланы әскерлердің қоршап алғанын көрді. Елішені ұстая үшін мындаған жасақ келіпті! Қызметші пайғамбарға жүгіріп келіп:

– Енді қайттік? Бізді әскерлер қоршап алышты, олар сені ұстамақшы! – деді.

Сонда пайғамбар былай деді:

– Қорықпа! Құдай біздің жағымызда. Бізді айналамызда періштерел қорғап жүр.

Солай деп, Еліше Құдайға мінәжат ете бастады: «Тәнірім, менің қызметшімнің көзін ашы, бізді қорғау үшін жіберген періштерінді көрсін». Құдай оның айтқанын орындал, қызметші өздерін айнала қорғап жүрген отты арбаларды көрді. Әскерлер жақындал келген кезде, өздерін таба алmas үшін Еліше Құдайдан олардың көздерін уақытша көрмейтіндей етіп қоюды сұрады. Құдай оның бұл тілегін де орындағы. Осылайша Еліше пайғамбар мен оның қызметшісі ажалдан аман қалды.

**Оқу үшін:** Елшілердің істері 12:5–17

**Сұрақтар:** Біз періштерел жайында не білеміз?

Ең құдіретті екі періштенің аттары?

Адам періште бола ала ма?

Сенің ойыңша: періште болған жақсы ма, әлде, Құдайдың баласы болған жақсы ма?

**Mінәжат:** Көктегі Әкеміз! Бізді періштеперің күзетіп жүретіні үшін ризамын. Сондай-ақ, Өзінің балан болғаным үшін де алғысымды айтамын. Аумин.

## 9. Шайтан деген кім?

Біз шайтанды көре алмаймыз, бірақ ол бар және ол үнемі бізге де, Құдайға да бір жамандық жасауға тырысып жүреді. Әуелде ол Құдайдың ең ұлы періштеперінің бірі болған. Ол Құдайдың ең басты қызметшісі болып, Оның айтқандарын орындаған жүрді.

Бірақ, күндердің күнінде ол Құдайды мойындауды да, Оның айтқандарын орындауды да қойды. Ол неге бұлай істеді және оған мұндай ойлар қайдан келді, оны біз білмейміз. Періште Құдайды көре алмай, онымен теңескісі келген болар. Осылайша шайтан Құдайдың дүшпанына айналды және сол уақыттан бастап Құдайға залал жасауға тырысумен келеді.

Бірақ, уақыты келген кезде Құдай Өзінің дүшпанын жазаға тартады. Тозақ деп аталатын орын бар. Шайтан мен оған қызмет ететіндер соған түсіп, мәңгілік азап шегетін болады.

Шайтанның жағына шығып кеткен періштепер де бар. Мұндай тұрақсыз періштеперді Киелі Жазбада – әзәзіл, жын-пері деп атайды. Олар да шайтан секілді, рух болып, айналамызыда жүреді. Бірақ, егер біз Исаны жақсы көрсек және Оған жүрегімізден орын берсек, олар бізге ештеңе істей алмайды. Шайтан мен әзәзіл Иса Мәсіхтен қатты қорқады, себебі күндердің күнінде Оның өздерін мәңгілік тозақ отында өртейтінін біледі.

Шайтан бізді жамандық жасауға итермелеп бағады. Сондықтан да шайтанға құлақ асқан адамның күнә жасайтынын есімізден шығармайық!

Кейбір жерлерде шайтанның арбауы өте қатты болады, біз ондай жерлерден аулақ жүргуге тиіспіз. Кей адамдар (оларды спириттер деп атайды) шайтанмен тілдеседі. Ондай кездерде шайтан өнін өзгертіп, олардыңқайтысболғантұстарыныңәруағы болып сөйлейді. Құдай Сөзінде ондай адамдармен сөйлесуге қатаң тиым салынған. Шайтан мен оның көмекшілері алдамшылар болып табылады.

Бір ауылда тұратын баланы шайтан әбден мазалайды. Бала Иса Мәсіхті білмейтін еді. Бірде баланың әкесі Исаңың өз ауылдарына жақын маңда жүргенін естиді. Ол баланы Исаға ертіп әкеліп, Одан баланың бойындағы жын-шайтандарды қуып шығаруды өтінді. Иса оның бұл өтінішін орындалап, шайтанға ол балаға қайта жоламауды бұйырды.

Шайтан Исаңың алдында дәрменсіз, өйткені, Иса Мәсіх – Құдай.

**Оқу үшін:** Ишая 14:12–17; Матай 17:14–18

**Сұрақтар:** Тозақ дегеніміз не?

Шайтан деген кім және ол бұрын кім болған?

Шайтанның мақсаты не?

**Мінәжат:** Аспан мен жердің Жаратушысы, құдіреті күшті Құдай! Сенің балаң болғанымнан, маган шайтан билігін жүргізе алмайтыны үшін Саған алғыс айтамын. Жаман рухтардың барлығы Құтқарушымыз Иса Мәсіхтен қорқатыны үшін ризамын. Өмірімнің

соңына дейін Өзіне адапты болып қалуыма көмектес. Мен мұны Тәнірім – Иса Мәсіхтің атынан өтінемін. Аумин.

## 10. Адам ата мен Хая ананың жаратылуы

Біз Құдайдың жүлдүздарды, жерді, аңдарды және тағы басқаларды қай уақытта жаратқанын білмейміз. Бірақ, Құдайдың оларды қалай жасағанын білесін бе? Оған бұл үшін ешқандай құрал-сайманның қажеті болған жоқ. Құдай оның бәрін Өзінің Сөзі арқылы жаратты. Ол күнге нұрынды түсір деді – сонда күн нұрын шашты. Сондай-ақ, Құдай түрлі жануарларды, балықтарды, құстарды, ағаштарды, шөп пен гүлдерді жаратты. Құдай жаратқан әлем өте әдемі болды. Онда тікенектер болмады, жыртқыш аңдар да бір-біріне тиіспей, еркін жүрді.

Содан соң Құдай алғашқы адам: Адам атасы жаратты. Киелі кітапта бұл былай жазылған: «Сонда Құдай Ие жердегі топырақтан адамды жасап, оның мұрнына тіршілік лебін үрледі». Ойлап қараңдаршы, осындай тамаша дүниені алғаш көрген Адам ата қандай күйде болды десеңші! Осының бәрін Құдай адам үшін жаратты. Құдай, тіпті, адаммен сөйлесіп жүрді, мүмкін, Адам ата Одан өзін қалай жаратқанын сұрап, Құдай оған жауап берген де болар.

Бір күні Құдай Адам атага көмекші етіп тағы бір адам – Хая анаты жаратуды жөн көрді. Сірә, ол Адам атамен өте бақытты болған болар. Олардың ойла-рында жамандық, жүректерінде кірбің болған жоқ. Құдай оларды сүйді, олар да Құдайды жақсы көрді.

Құдай адамды Өзі жаратқанның бәрінен жоғары қойды. Адамның және әлемдегі басқа нәрселердің бәрінің жаратылуы – бұл таңғажайып керемет және ұлы ғажап құпия болып табылады. Бірақ, ең басты керемет – біздің Құдайды сеніммен танып, жүргегімізben сүйе алатындығымыз.

**Оқу үшін:** Жар. баст. 2:7–25

**Сұрақтар:** Құдай адамды неден жаратты?

Құдай жерді қалай жаратты?

Адамның жаратылу тарихынан біз нені үйрене аламыз?

**Мінәжат:** Көктегі Әкеміз! Өзіңнің ұлы құдіретіңмен аспан мен жерді жаратқаның үшін алғысымын айтамын. Өзінді бұдан да жақсырақ танып, бұдан да күштірек суюімізге көмектес. Аумин.

## 11. Бұл әлемге күнә қалай келді?

Шайтан Құдайды тыңдамағандықтан, енді ол бұдан әрі Оған қызмет ете алмайтын еді. Адам ата мен Хая анатың бақытты өмір сүріп, олардың Құдайды суюі шайтанның ішін күйдірді. Сондықтан ол Адам ата мен Хая анаты Құдаймен араздастыруды ойлады. Егер бұлай істей алса, онда адамдардың бақытты өмірі аяқталатынын ол білді. Сонда Құдай адамдарды жазалауға мәжбүр болып, оларды жұмақтан қуады.

Құдай адамдарға бақтың ортасында өсіп тұрған ағаштың жемісінен жеуге тыйым салған еді. Шайтан Хая анаға келіп, Құдайды тыңдамасандар да Ол

сендерді жазаламайды деп азғырды. Тыйым салған ағаштың жемісін жесендер, онда бәрін билетін боласындар, әрі ол өте дәмді деп үгіттей бастады. Ал бұл – сұмдық өтірік еді, бірақ Хая ана шайтанның сөзіне сеніп қалды. Ол ағаштың жемісін үзіп алып жеді, Адам атаға да жегізді.

Ал одан кейін не болғанын білесіндер ме? Тыйым салынған жемістен жегеннен бастап, Адам ата мен Хая ана біртіндеп өлімге қарай қадам басты. Олар бұдан кейін де біраз уақыт өмір сүргендерімен, енді олардың өмірі бұрынғыдай бақытты болмады, күннен-күнге қартайып, әлсіз әрі көңілсіз бола бастады. Құдай оларды тамаша бақтан қуып жіберді және қайтып оралуға тыйым салды. Бұдан соң жерді тікенектер мен арам шөптер басып, Адам атаның жерді өңдеуі қындалап кетті. Мұның бәрі Құдайға құлақ аспаудың кесірінен болды. Мұның ақыры олардың ұрпақтары да Құдайдың айтқандарына құлақ аспауларына әкеліп соқты. Осылайша, біздің бәріміз де Құдайды тыңдамайтын болдық.

Көз алдыңа елестетші, әлемдегі адамдар енді ешқашан жамандық жасамайтын болса қандай жақсы болар еді. Онда ұрылар мен кісі өлтірушілер де, соғыстар да болmas еді.

Бірақ, сол күні адамзат тарихындағы ең қасіретті оқиға болды: адамдар өзінің Жаратушсына қарсы шықты. Киелі кітап бұл тілалмаушылықты – күнә деп атайды.

Адам ата мен Хая ана тыйым салынған жемістен жесек, бізге ештеңе де болмайды деп үміттенді. Шайтанның қалағаны да дәл осы болатын.

Шайтан барлық уақытта да адамдарды адас-

тыруға тырысады, ол біздің Құдайды тыңдамағанымызды қалайды. Ол бізге: «Құдайды тыңдағасандар, бұдан да бақытты өмір сүрсіндер», – дейді. Бірақ, бұл – өтірік. Құдай Өзін тыңдамағандарды жазаға тартады. Өкінішке орай, Адам ата мен Хая ана бұған тым кеш көз жеткізді.

**Оқу үшін:** Жар. баст. 3:1–19

**Сұрақтар:** Шайтан Құдайды жақсы көре ме?

Ол адамдардың Құдайды сүйгенін қалай ма?

Шайтан Хаяға не айтты?

Тыйым салынған ағаштың жемісін жегеннен кейін, Адам ата мен Хая анаға не болды?

**Мінәжат:** Көктегі Әкеміз! Мен Саған жиі құлақ аспағаным үшін өкінемін. Маған Өзінді тыңдауға көмектес. Сондай-ақ, шайтанға алданбауым үшін де көмектес. Мұны Сенен Иса Мәсіхтің атынан өтінемін. Аумин.

## 12. Күнәдан Құтқарушыны жіберу – Құдай жоспары

Біз Адам ата мен Хая ана күнәға батқан қасіретті күн жайлы білдік. Олар өз дүшпандары – шайтанның айтқанын тыңдалап, соның кесірінен үлкен бақытсыздыққа душар болды.

Бірақ, бізді сююші Құдай адамдардың жүректерінің зұлым болып қалғанын қаламады. Ол алғашқы адамдарды күнәсі үшін жазалағанымен, оларды

мұлде жек көріп кеткен жоқ. Оны өзінің жаман қылыштарыңмен жиі ренжіткеніңе қарамастан, Құдай сені де жақсы көреді.

Құдайдың сені де, мені де жазадан құтқарғысы келеді. Бұл жазаны Өзінің мойнына алмақ болған Құдай жерге Өзінің Ұлы – Иса Мәсіхті жіберуді үйғарды. Иса жерге келіп, барлық адамдардың күнәсі үшін жаза тартуға тиіс болды.

Сондықтан да Иса Бетлеҳемде Нәресте болып дүниеге келді. Ол сол жерде өзге балалар секілді ер жетті, бірақ Ол ешқашан күнә жасаған жоқ. Құдай Өзінің Ұлын сені мен менің күнәларымыз үшін жазалады. Зұлым адамдар Исаны айқыш ағашқа шегеледі де, Ол бәріміздің күнәларымыз үшін сол жерде құрбан болды. Исаның біз үшін қандай ауыр азап шеккенін көз алдымызыға елестете де алмаймыз. Ол біз үшін өз еркімен азап шекті. Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі дәл осыдан көринеді.

Бірде үрлық жасаған адамды тұтқындал, оны сottың алдына алып келеді. Бір ғажабы, әлгі адам сottың ескі досы еken. Бірақ, сот әділетті болуға тиіс, сондықтан ол қылмыскерді өзінің ескі досы болғандығы үшін ғана босатып қоя бере алмайды. Сейтіп, ол үрланған заттарды қайтарып беруге және бір ай түрмеде отыруға үкім шығарды.

– Бұл ақша қазір менде жоқ қой, – деді ұры.  
Осы жерде сот таңқаларлық іс істеді.

– Жарайды, – деді ол. – Сенің қарызынды мен-ақ төлейін. Сейтті де, ақшасын суырып берді.

– Ал енді, – деді сот, – мен сен үшін түрмеге отырайын, сен үйіңе, отбасыңа бара бер.

Сөйтіп, ол ұрының орнына бір ай түрмеге отырып шықты, ал ұры босап, үйіне кетті.

Құдай да бізбен дәл осылай істеді. Өз күнәларымыз үшін бәріміз де жазалануға тиіс өдік. Бұл жаза – мәңгілік өлім, Құдайдан мәңгілікке қол үзу болатын. Бірақ, Иса Мәсіх біздің күнәларымызды Өз мойнына алып, біздің мәңгілік өмір сүруіміз үшін Өз өмірін қиды.

Менің ойымша, Оның бізге деген ұлы сүйіспеншілігін ешқашан тиісті дәрежеде ақтай алмаймыз. Ал сен қалай ойлайсың?

**Оқу үшін:** Лұка 22:39–46; 23:27–38

**Сұрақтар:** Құдай сені қаншалықты жақсы көреді?

Сенің Құдайға деген сүйіспеншілігің қандай?

Құдайға деген сүйіспеншілігінді сен қалай көрсете аласың?

**Мінәжат:** Біздің көктегі Әкеміз! Тәніріміз – Иса Мәсіхтің бізді сүйгендіктен, бәріміздің күнәларымыз үшін айқышта өлгенін жақсы білемін. Исаны шын жүргіммен суюге көмектес. Бүкіл өмірімді Саған қызмет етуге арнағым келеді және жүргімді де тек Өзіңе ұсынамын. Аумин.

## 13. Біздің мейірімді Бақташымыз

Исаның аспанда не істейтінін сен білесің бе? Ол Өзін сеніммен қабылдағандарға араша түседі. Шайтан Құдайға келіп, біздің істеген күнәларымызды тізіп айтқан кезде, Иса: «Мен олар үшін айқыш ағашта өлгенмін», – дейді.

Иса бізге қателіктерін қайта түзетсін деп, Өзінің Киелі Рухы арқылы істеген қателіктерімізді көрсетіп тұрады.

Иса біздің мейірімді Бақташымыз. Ол біздің Құдай балаларына лайықты өмір сұруімізге көмектеседі.

Алайда, Исаның бізді ғана емес, өзге адамдарды да жақсы көретінін ұмытпауымыз керек. Ол біздің Құдай туралы басқа адамдарға әңгімелеп беруімізге көмектеседі. Ол Иса Мәсіхтің барша адамдар үшін өлгенін барлық жерде айтып жүргенімізді қалайды. Ол Өзінің балаларын өзге адамдармен кездесу үшін түрлі елдерге жібереді. Осылайша, құтқарылу туралы қуанышты хабарды көптеген адамдар ести алады. Иса адамдардың барлығын, тіпті, Өзі туралы ештеңе білгісі келмейтіндерді де жақсы көреді.

**Оқу үшін:** Рим. 8:35–39

**Сұрақтар:** Иса аспанда біздер үшін не істейді?  
Исаның бізге деген сүйіспеншілігі нeden көрінеді?

Біз барлық адамдарға не туралы айтуға тиіспіз?

**Мінәжат:** Көктегі Әкеміз, Сенің ұлы сүйіспеншілігің үшін және бізді Сенің қолыңдан өшкім тартып ала

алмайтындығы үшін алғысымды айтамын. Өзінді сүюге және еркінді орындауыма көмектес. Өзге адамдарға Құтқарушы туралы айту үшін маған күш пен қабілет бер.

#### **14. Егер Исадан: «Менің жеке Құтқарушым бола гөр» деп сұрасақ, не болады?**

Құдай – мәңгілік. Оның бастауы да, шегі де жоқ. Ең басында адамдар да, жер де болған жоқ. Құдай – мәңгілік қана емес, Ол бәрін білуші. Ол сенің дүниеге келетінінді баяғыда-ақ білді және сол кезде-ақ сені жақсы көрді.

Сонымен қатар, Ол күндердің күнінде сенің күнәлар жасайтыныңды да білді. Бұл оны ренжітті. Ол сені бұл үшін жазаға тартуына тұра келетінін де білді. Бірақ, Құдай сені жазалағысы келмеді, сондықтан да Ол жазаны Өзі көтеруге бел буды. Иса Мәсіх Өзінің көктегі мекенін тастанап, сені мен менің орныма жаза тарту үшін жер бетіне келуге шешім қабылдады. Бұл осыдан 2000 жылдай бұрын болған еді. Иса барлық адамдардың күнәсі үшін өлді. Енді сен де Одан: «Менің жеке Құтқарушым бол» деп сұрай аласың.

Мүмкін, сен мұны қалай істеу керектігін білмейтін боларсың? Бұл тіпті де қыын емес. Иса біздің күнәларымыздан тазарғымыз келетінін біз айтпай тұрып-ақ біледі. Сөйте тұра, Ол біздің бұл тілегімізді мінәжатта Өзіне айтып бергенімізді қалайды. Мысалы, біздің былай деуімізге болады: «Иеміз Иса, мен өз өмірімде көптеген күнәлар жасап, Сені жиі ренжіттім. Мені кешір! Сен осы әлемге келіп, менің

жасаған күнәларым үшін жаза тарттың, Сен мен үшін Өзіңнің өмірінді қидың. Менің мәңгілік өмірге ие болуым үшін айқыш ағашта жан бердің. Маған істеген осыншама қайырымдылығың үшін алғысымын айтамын. Мен ешқашан да өзіме көмектесе алмас едім, бірақ, Сен келіп, маған мәңгілік өмірді сыйға тарттың. Саған өте ризамын. Аумин».

Әрине, саған міндетті түрде тұра осы сөздердің қайталап айтудың қажеті жоқ. Сен өз сөздеріңмен де мінәжат ете аласың.

Біз күнәларымыз үшін кешірім сұрағанымызды, Иса қуанады. Мүмкін, сен бұл туралы Одан сұрап та қойған боларсың? Ал егер олай болмаса, онда сен мұны дәл қазір істей аласың. Құдай сенің Өзіне бет бұрганыңды күтеді.

**Оқу үшін:** Жохан 3:1–18

**Сұрақтар:** Сенің күнәларың үшін кім жазаланды?

Иса біздің жеке Құтқарушымыз болуы үшін не істеуіміз керек?

**Мінәжат:** Бізді сүюші Иса! Өз қүшіммен мәңгілік өмірге ие бола алмайтынымды білемін. Маған мәңгілік өмірді бергенің үшін алғыс айтамын. Сонымен қатар, Өзіңмен аспанда мәңгі бірге болатыным үшін де раҳметімді айтамын. Аумин.

## 15. Иса мені не үшін құтқарды?

Бір адамның иті болыпты. Олар бір-бірінен ажырамай, ұдайы бірге болады.

Бірде әлгі адам кемемен саяхатқа шығып, итін де өзімен бірге ала кетеді. Бір күні иесінің артынан жүгіріп жүрген ит кенеттен суға құлап кетеді. Иттің иесі кеме капитанына жүгіріп келіп:

— Менің сүйікті итім суға құлап кетті! Ол суға батып кететін болды, тезірек кемені тоқтатыңыз!  
— дейді.

Капитан құліп:

— Қайдағы бір ит үшін кемені тоқтата алмаймыз  
ғой... — деп жауап береді.  
— Ал егер суға адам құлап кетсе, кемені тоқтатар  
ма едіңіз?  
— Әрине, — дейді капитан.

Сол кезде иттің иесі кемеден суға секіріп кетеді. Оны құтқару үшін капитанның кемені тоқтатуына тұра келеді. Сөйтіп, адам да, ит те құтқарылады.

Иса бізді итін жақсы көрген әлгі адамнан әлдақайда артық сүйеді. Ол біздер батып жатқан күн «теңізіне» секіріп түсіп, бізді құтқарып алды.

Барлық перштер, сондай-ақ шайтан мен оның қызыметшілері де Құдай сүйіспеншілігінің қандай тамаша екенін көріп тұрады. Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігінің ұлылығы сондай, ол бізді күнәһар екендігімізге қарамай қабылдап алды. Ол бізге Иса Мәсіхті сүйетін жаңа жүрек береді. Аспандағы перштер Құдайдың біз үшін істегендеріне алғыстарынайтады. Олар сеніңде Исаны сүйетіндігің үшін қуанады.

Тек өлі де Құдайдың қалағанында бола алмай жүргеніміз өкінішті. Біз өлі көптеген жамандықтар жасаймыз. Ал, Құдай бізді қазірдің өзінде өліден қайта тірілгеннен кейінгі болатын қалпынызда көріп тұр. Иса Мәсіхтің өлімі арқылы біздің барша күнәміз кешірілді. Бізден талап етілетіні, тек Құтқарушымызға сенім арту ғана, сонда біз Құдайдың алдына ешқандай күнәсіз және еш кінәратсыз қүйімізде бара аламыз.

**Оқу үшін:** Лұқа 15:3–7; 11–24

**Сұрақтар:** Күнәшарлар өздігінен Құдайдың балалары бола ала ма? Бізді кім Құдайдың баласы ете алады? Қалаі Құдайдың баласы болуға болады?

**Мінәжат:** Иса Мәсіх, мен үшін және менің күнәларым үшін құрбан болғаныңа алғысымды айтамын. Аумин.

## 16. Егер жақсы болуға тырыссам, Иса мені құтқара ма?

Біздің ешқашан да Құдайға ұнайтында жеткілікті дәрежеде жақсы бола алмайтынымызды біле-сіндер ме? Кей балалар: «Егер де мен әрқашан ата-анамның айтқанын тыңдауға тырыссам, өзге балалармен таласып, тәбелеспейтін болсам, әлсіздерге тиіспесем, онда мен жұмаққа барамын», – деп ойлайды.

Бірақ, бұлолайемес. Жұмаққа ешкімде өзкүшімен бара алмайды. Себебі, біз бәрібір сөздерімізben,

істерімізben Құдайды ренжітіп аламыз, біз қанша тырысқанымызben, күніне ең құрығанда бір жаман сөз айтамыз, не басымызға бір жаман ой келеді. Бұл – біздің журегімізде әлі де көп жамандық барын көрсетеді.

Біз болашақта бәрін дұрыс істеуге қол жеткізген күннің өзінде, бұрынғы күнәларымыз бәрібір мойнымызда қала береді. Одан қалай құтылуға болады? Тағы бір сұрақ: Құдайдың жазасына ілігү үшін адам қанша күнә істеуі керек? Он ба, әлде жүз күнә ма? Жоқ, бір ғана күнәнің өзі жеткілікті.

Бұған қоса, алғашқы адамдар – Адам ата мен Хая ата пейіш бағында Құдайдың айтқанына мойынсұнбай, күнә жасады. Содан бастап адамдардың бәрі күнәшар болып табылады. Сондықтан да, кішкентай балалардың өздері кейде ата-аналарының айтқандарына құлақ аспайды, тіпті, керілдесіп, төбелесуге дейін барады.

Біз не істесек те, қаншама тырыссақ та жұмаққа апаратындағы еңбек сініре алмаймыз. Құдай әділетті, сондықтан да Ол адамдарды күнәлары үшін жазалауға туіс.

Бірақ, Құдай адамдарды жақсы көреді. Сондықтан да Ол Өзінің Ұлы – Иса Мәсіхке біздің барша күнәмізді артып, Оны біздің орнымызға жазалады. Иса Мәсіх сенің және менің күнәларымыз үшін өлді. Ол біз үшін жаза тартты. Ойлап қараши, Исаңың сені сүйеттіні сондай, Ол сен үшін Өзінің өмірін қиуға келісті!

**Оқу үшін:** Рим. 3:10–18, 23

**Сұрақтар:** Сенің жамандық жасаған кезін болды ма? Бір-екі мысал келтір.

Жұмаққа барудан қағылу үшін қанша  
күнә жасау керек?  
Құтқарылу үшін сен не істей аласың?

**Мінәжат:** Біздің көктегі Әкеміз! Мен Сенің алдыңда  
күнә жасадым. Бірақ, Сен менің күнәмді өтеу үшін  
Әзінің Ұлыңды жібердің. Маған көктен орын даярлап  
қойғаның үшін шын жүргіммен алғыс айтамын.  
Аумин.

## 17. Патшаның балалары

Кейде біз: мәсіхші – Құдайдың баласы дейміз.  
Бұл біздің енді өз ата-аналарымыздың балалары  
емес екенімізді білдіре ме? Әрине, олай емес! Құдай  
ата-ананы біздерді жақсы көріп, қамқорлық жасау  
үшін берді. Бірақ, Құдай біздің қамынызды ата-  
анамыздан да артық ойлайды, себебі Ол бізді ата-  
анамыздан әлдеқайда артық жақсы көреді.

Егер біз Құдайдың Ұлын жақсы көріп, Оған сенім  
артатын болсақ, онда Құдай бізді Өз отбасының  
қатарына қабылдап, Әзінің баласы етеді. Бұл деген  
тамаша емес пе?

Неге және не үшін Құдай бізді Әзінің балалары  
етеді? Неліктен Ол бұрын күнәһар болғандарды  
Әзінің балалары еткісі келеді. Бұл біз үшін жұмбак  
күйінде қалады. Алайда, Киелі кітап Құдай бізді  
Әзінің балалары деп атаудан ұялмайды дейді. Ол  
бізді ешқашан кері итермейді. Құдай бізді кейде  
тыңдамай кеткен кезіміздің өзінде жақсы көреді.  
Оныңайналасында таңдалған, өзгелерден ерекше  
жақсы көретін ешкімі жоқ. Ол бәрімізді тен жақсы

көреді. Кейде бізді Өзінің әділдігіне сай жазалауына тұра келгенімен, біз Оның балалары болғандықтан, Ол бізді бәрібір жақсы көреді.

Құдай – біздің көктегі Әкеміз болғанда, Оның Ұлы – Иса Мәсіх бізді шын жүргімен сүйетін үлкен Ағамыз болып табылады.

Сол себепті де, Киелі кітап Исаның бізді Өзінің іні-қарындастарым деп атаудан ұялмайтынын айтады. Ол бізді Құдайдың үлкен отбасына мүше ету үшін құрбан болды. Енді Иса Өзінің Көктегі Әкесінен алғандарының бәрін бізге бөліп береді. Уақыты келгенде Ол бізді кекке әкетеді де, сол жақта Өз қуанышын толығынан береді. Ол жерде енді қунә болмайды.

Біз Патшаның балаларымыз, себебі Құдай бізді Өзінің отбасына мүше етіп алды. Ол бізге ғажайып дарындар сыйлады, сөйтіп, бір кездері Онымен мәңгі бірге боламыз.

**Оқу үшін:** Рим. 8:14–17

**Сұрақтар:** Біздер жақсы болғандықтан, Құдай бізді Өзіне бала етіп алғысы келе ме?

Құдай бізді қунә жасаған кездерімізде де сүйе ме?

Тыңдамаған кездерімізде Құдай бізді қандай жолмен жазалайды? Ол бізді мұндай кездерде жақсы көре ме?

Құдай біздің Әкеміз болғанда, Оның Ұлы – Иса Мәсіх бізге кім болады?

**Мінәжат:** Жаратушы Ием! Мені Өзінің балаң етіп алғаныңа қуаныштымын. Саған ризамын, себебі Сен маған өте жақсы қарайсың. Аумин.

## 18. Дүниеге келгеннен бұрын, Иса қайда болды?

Тұылу мейрамында біз Иса Мәсіхтің туғаны жайлы әңгімелер айтып, ән саламыз. Періштердің осынау қуанышты хабарды малшыларға қалай хабарлағанын қызыға тыңдаймыз.

Бірақ, сен Иса Мәсіхтің бұл дүниеге келгеннен бұрын да бар болғанын білесің бе? Ол әрдайым көкте, Өзінің Аспандагы Әкесімен бірге болды: өйткені Оның Өзі – Құдай.

Әуелде Құдай бүкіл әлемді жаратты. Содан соң алғашқы адамдар – Адам ата мен Хая аنانы жаратты. Бірақ Адам ата мен Хая ана Құдайға құлақ аспады. Құлақ аспаудың соңы қашанда жазаға алып келеді. Иса біздің жазаланғанымызды қаламады, сондықтан да Ол жерге келіп, біздің барлық күнөларымызды Өз мойнына алууды ұйғарды.

Міне, сейтіп Ол жер бетінде дүниеге келді. Өзі Нәресте болып туылдып, адамдардың арасында өмір сүруге дайын болған Иса Мәсіхтің бізге деген сүйіспеншілігінің қаншалықты зор болғанын көз алдыңа елестете аласың ба?

Сондықтан, Исаңың сені дүниеге келмей тұрғанда-ақ жақсы көргеніңе сенімді бола аласың. Ол сені қазір де, сен өлгеннен кейін де жақсы көреді. Егер сен Исаға шын жүрегіңмен қызмет етсең, онда аспанда Онымен мәңгі бірге бола аласың.

- Оқу үшін:** Жохан 14:1–12
- Сұрақтар:**
- Исаның бұдан қанша жыл бұрын дүниеге келгенін білесің бе?
  - Иса бұл дүниеге келерден бұрын қайда болды?
  - Иса неліктен аспанды тастанап, жерге келуге бел буды?
  - Сен қалай ойлайсың: Иса сені сүйе ме?
  - Сен Исаны сүйесің бе?

**Мінәжат:** Ием Иса! Аспанды тастанап, осы дүниеге келгеніңе, бәріміз үшін құрбан болғаныңа алғысыымды айтамын. Сенің даңқыңды көтеріп өмір сүруіме көмектес. Аумин.

## 19. Иса-Сәбидің өзге балалардан қандай айырмашылығы болды?

Исаның дүниеге келуі өте ғажап, әрі құпия болғанын білесің бе? Исаның шешесі – Мәриям еді. Ал, Жұсіп – Мәриямның күйеуі болғанымен, Исаның әкесі емес.

Исаның әкесі өзге балалардың секілді адам болған жоқ, Оның Әкесі – Құдай.

Исаның әкесі Құдайдың Өзі болуы неліктен маңызды? Егер Исаның әкесі Жұсіп болса, не болар еді? Егер де Исаның әкесі Құдай болмағанда, онда Ол біз секілді қарапайым адам болар еді. Онда Исаның жүрегі өзге адамдардің секілді бұзылған жүрек болатын еді. Егер Исаның жүрегі сені мен менің жүрегім секілді болғанда, онда Ол біздің күнәларымыз үшін өле алмайтын еді. Оның Өз

күнәлары үшін өлуіне тұра келетін еді. Бірақ, Иса Өз күнәлары үшін өлген жоқ, себебі Оның еш күнәсі болмады.

Исаның туылуының көптеген таңқаларлық жақтары болды. Исаның жерде әкесі болмағандықтан, біз Оны Мәриям қыздан туылды дейміз. Одан басқа ешкім де мұндай жолмен дүниеге келген емес. Бір адам құмырсқаны бақылап, соңынан жүреді. Сөйтіп жүріп, ол құмырсқаның үлкен илеуіне келеді. Ол жерде мындаған құмырсқалар бар еді. Әлгі адамға: «Егер мен осы құмырсқалармен сейлескім келсе, не істер едім? Мен қанша айқайлласам да олар түсінбейді. Егер мен оларға жазып берсем, олар оны оқи алмайды», – деген ой келеді. Сөйтіп, ол: «Егер осы құмырсқалар мені түсінсін десем, онда менің өзім де құмырсқаға айналуым керек», – деген қорытындыға келді.

Содан соң әлгі адам: «Құдай да дәл осыны істеді. Ол адамдарға аспаннан қарап отырмай, біздің ішіміздегі біреу болайын деп шешті. Ол Өзінің бізге деген сүйіспеншілігін осылайша түсіндіре алды. Сондықтан Иса кішкентай Нәресте болып дүниеге келіп, үлкен Адам болып өсті. Ол Өзінің адамдарға деген сүйіспеншілігін осылай дәлелдеді. Сол үшін де Ол біздің бәріміз үшін өлді», – деп ойлады.

**Оқу үшін:** Матай 1:18–25

**Сұрақтар:** Исаның шешесі кім?

Исаның Әкесі кім?

Жүсіп кім болды?

Исаның әкесі Жүсіп болғанда, онда біздермен не болар еді?

**Мінәжат:** Көктегі Әкеміз! Иса Сенің Ұлың болғаны қандай керемет! Оның ешқандай күнәсі болмағаны үшін және біздің күнәмізге бола өлгені үшін Саған алғыс айтамын. Бізді балаларым деп қабылдағаның үшін мың да бір алғыс! Аумин.

## 20. Иса жасаған кереметтер

Сірә, сен Исаңың жер бетінде жасаған кереметтерінің кейбірі жайлы билетін де боларсың? Мысалы, бірде Исаңың қайықпен үлкен көлдің арғы бетіне өткені жайлы. Сол кезде аяқ астынан қатты жел тұрды. Оның шәкірттерінің үрейлері ұшып кетті, ал Иса қайықта қаннен-қаперсіз ұйықтап жатты. Шәкірттер өздерінің Ұстазын оятып: «Қалайша сен қайықтың суға кетіп бара жатқанын сезбейсің, бәріміз қырылатын болдық қой! Сен неге бізге бұл қатерден құтылуға көмектеспейсің?» – деді. Иса шәкірттерінің мұндай сенімсіздік көрсеткеніне қатты қынжылды. Сөйте тұра, желдің, толқындардың басылуын бүйірды. Сол сәтте жел де, толқын да сап тыылды.

Келесі жолы Ол бұдан үлкен керемет жасады. Оның досы Елазар ауыр науқастан қайтыс болды. Туыстары оны қабірге апарып жерледі. Елазардың онда жатқанына төрт күн болған еді. Иса Елазардың қарындастарын аяп кетті, себебі Елазар – олардың жалғыз ағалары еді. Иса Елазардың зиратына келіп, оны қатты дауыстап шақырды. Сол-ақ екен, Елазар қабірден тіріліп шықты! Иса оны қайта тірілтіп алды!

Ал мынау, Ол жасаған тағы бір керемет! Бірде Исаңың жанына бес мыңдай адам жиналды. Олар күні бойы Исаңың уағызын тыңдады. Кешке қарай

бәрінің қарындары ашты, бірақ, олардың нан сатып алатын мүмкіндіктері жоқ еді. Олардың ішіндегі бір баланың өзімен бірге әкелген бес күлше наны мен екі балығы бар екен. Иса шүкірлік етті де, оларды адамдарға таратып беруді бұйырды. Бес мың адамға сол азық молынан жетіп, тіпті, артылып та қалды.

Бірде Иса өліп қалған бір кішкентай қызды да қайта тірілтті. Қыздың ата-анасының сондағы қуанышын көрсөң ғой!

Иса бұлардан басқа да көптеген кереметтер жасады. Адамдар оны істей алмайды. Кереметтерді тек Құдай ғана жасай алады. Еш дәрігер сырқатты бір сәтте сауықтыра алмайды. Исаның жасаған кереметтері Оның Құдай Ұлы екенін дәлелдейді.

Аспанға көтеріліп кеткен соң, Ол Өзінің шәкірттеріне Құдайдың атынан кереметтер жасауға күш берді. Сондықтан да елші Петір сал ауруымен ауырған бір адамға: «Иса үшін орныңнан тұр да, өздігінен жүріп кет», – деп бұйырғанда, әлгі кісі сауығып кетті.

Кейіннен осы елші Петірді Иса туралы уағыздағаны үшін түрмеге қамады. Тұнде Құдай Өзінің бір періштесін жіберіп, Петірді түрмeden шығарып жіберді. Бұл – нағыз керемет еді.

Көптеген адамдар Иса жасаған кереметтерге сенгілері келмейді. Олар Иса ешқандай керемет жасағанжоқ, мұныңбәрісиқыршыныңептікимылдары дейді. Бірақ, Иса ешқандай да сиқыршы емес. Ол – Құдай. Сондықтан Ол, тіпті, өлген адамдарды да тірілте алады. Мүмкін, сен: «Мұндай кереметтер қазір де бола ма?» – деп сұрарсың. Әрине! Иса мұны Өзінің Сөзінде уәде етті. Кейде дәрігерлер сырқатты

жаза алмайды, сол кезде сенушілердің мінәжаты бойынша Иса оларды сауықтырады. Әрине, Ол дәрігерлер арқылы да көмектесе алады. Құдайға сиынған кезде, біз үдайы дерлік Одан кереметті күтеміз. Біз өз қолымыздан келмейтін нәрсені Құдай жасайды деп күтеміз.

Құдай біз сұраған сайын керемет жасап тұра ма? Жоқ. Құдай кейде біздің сұрағанымызды бермеуді жөн санайды. Ол бізге ең маңызды деген нәрсені бергенді дұрыс көреді. Сондықтан біз Оған еш аландамай, сенуімізге болады.

**Оқу үшін:** Марқа 6:32–44

**Сұрақтар:** Керемет дегеніміз не?

Иса жасаған кереметтердің бірін айтып бер.

Сиқыршы дегеніміз кім? Ол шынымен де кереметтер жасай ала ма?

Мінәжат еткеннен кейін өз өмірінде Құдай істеген бір керемет туралы айтып бер.

**Мінәжат:** Жаратушы Ие! Мен Саған жер бетінде болған кезінде жасаған барлық кереметтерің үшін раҳметімді айтамын. Сондай-ақ, мен Саған қазір де мінәжаттарымды естіп, керемет істер жасайтының үшін алғыс айтамын. Мінәжат еткен кезімде Өзінің көмегіне деген сенімімнің берік болуына көмектес! Аумин.

## 21. Иса Мәсіхтің өлуі

Енді біз ең қорқынышты, бірақ, тарихымыздың ең маңызды оқиға туралы айтайық.

Адам ата мен Хая аナンың тыйым салынған жемістің дәмін татқандары есінде ме? Сол сәтте адам жүргегіне күнә алғаш еніп, олар Құдайға мойынсұнбайтын болды. Содан бастап олар тамақтарын табу үшін ауыр жұмыс істеуге мәжбүр болып, ауру мен өлімнен қорқа бастады. Жабайы аңдар олардың жауына айналды. Мұның бәрі Адам ата мен Хая аナンың Құдай алдында күнә жасағандарының кесірінен болды.

Бірақ Құдайдың: «Енді менен алыста өмір сүресіңдер», – дегені бәрінен де ауыр тиді.

Алайда, Құдай сені мен мені қалай сүйсе, Адам ата мен Хая аナンы да солай сүйгенін есіңен шығарма. Сен де, мен де алғашқы адамдар секілді жаза тартуға лайық күнә жасадық. Бірақ, Құдай біздің сүйеді, сондықтан Ол біздің орнымызға Өзінің Ұлы Иса Мәсіхті жазалауды жөн көрді.

Өзіміз де күнәһар болғандықтан, біздің ешқайсымыз өзгелердің күнәсі үшін өле алмайтын едік. Біз өз күнәларымыз үшін жаза тартуға тиіс болдық. Ал, Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх күнәдан пәк еді, сондықтан тек Сол ғана өзгелердің, сенің және менің күнәларымыз үшін өле алатын.

Исаны жек көрген адамдар Оны айқыш ағашқа әкеліп шегеледі. Ол сонда өлді. Рим жасақшылары қолы мен аяқтарын айқышқа шегелеген кезде, Ол ғаламат азап шекті. Құдай Әкесі Оны алғаш рет, аз уақытқа айқышта қалдырып кеткенде Иса қандай

күйде еді? Ол жалғыз қалды. Иса мен үшін, сен үшін өлімге Өз еркімен барды. Оны ешкім мәжбүрлеген жоқ. Ол біз жасаған күнөнің құнын өтеу үшін өлімге барды.

Енді Құдай сенің күнәларыңды кешіре алады. Құдай Иса Мәсіхке сенім артқан әркімнің күнәларын кешіріп, мәңгілік өмірді сыйға тартады. Сен бұл үшін Исаға алғысынды айттың ба?

**Оқу үшін:** Ишая 53:1–12

**Сұрақтар:** Адам ата мен Хая ана Құдайды тыңдамағаннан кейін, олармен не болды? Егер бұл дүниеде күнә болмағанда, онда адамдар өзара араздасар ма еді?

Біз өзіміз жақсы көретін адамдарымыздың күнәларын өз мойнымызға ала аламыз ба?  
Бұл неліктен мүмкін емес?

**Мінәжат:** Көктегі Әкеміз! Қазіргі кезде балалардың өздері Құтқарушыға мұқтаж екенін байқап жүрмін, себебі, олар да тілазар болып бара жатыр. Иса, біз үшін өлгеніңе алғыс айтамын. Өзінді шын жүректен сүюіме көмектес. Аумин.

## 22. Исаның қайта тірілуі

Иса өлгеннен кейін Петір, Жақып, Жохан және тағы да басқа шәкірттер қатты қайғырды. Олар Исаны Исраилдің Патшасы болады деп үміттенген еді. Өйткені Ол соншама адамдарға жақсылық жасады және көптеген кереметтер істеді. Сондықтан

олар Исаны айқыш ағашқа шегелеп жатқанда, Оның ешқандай қарсылық көрсетпегеніне қатты таңданды. Олардың ойына: «Мүмкін, Иса – Құдайдың Ұлы емес шығар? Ол жай ғана жақсы адам болған болар» деген күдік те пайда болды.

Мәсіхтің шәкірттері үш күн бойы қалада сенделіп жүрді. Үш жыл ішінде Исаға бауыр басып қалған олар енді Онсыз қалай күн кешуді білмеді. Аптаның бірінші күні, қазір біз оны қайта тірілу күні деп атایмыз, Исаның бірнеше шәкірті Ол жерленген жартасқа барды. Жартасқа жақындалап келген шәкірттер қатты таңғалды: қабір бос қалыпты. Күні кеше ғана Исаның денесі қойылған қабір қазір бос тұр. Мүмкін, Оны біреулер ұрлап әкетті ме? Әлде, басқа жерге ауыстырып жерлеп қойды ма? Шәкірттер осылайша дал болып тұрғанда, кенеттен екі періште шыға келіп, Исаның қайта тірілгенін, және таяуда Оның шәкірттерімен кездесетінін айтты. Әрине, бұл шәкірттер үшін адам сенгісіз нәрсе еди. Көп ұзамай, Иса шынында да шәкірттеріне көрінді. Сыртынан қарағанда, Ол бұрынғы қалпында болып көрінеді. Бірақ, Оның денесі өзгеріп кетіпти. Енді Оған қалың қабырғалардың өзі бөгет бола алмайды. Ол енді есігі жабық тұрған бөлменің ішінде де пайда бола алады және көзді ашып жұмғанша ғайып болып кете алады.

Құдайдың Өз балаларын өліден қайта тірілтіп аламын деген уәдесі бар. Мүмкін, сен: «Бұл шынымен-ақ мүмкін бе?» деп сұрарсың. Құдайдың қолынан бәрі келеді. Исаны қайта тірілтіп алған Құдай, Оның басқа шәкірттерін де тірілте алады. Иса Мәсіхке сенетіндерге Құдай мәңгілік өмір береді.

Көптеген адамдар: «Исаның шынымен қайта тірілгенін сіз қайдан білесіз?» – деп сұрайды. Біз оның растығын шәкірттердің ісінен көреміз. Иса өлгеннен кейін олар қатты қайғырып жүрді. Бірақ, Исаның қайта тірілгенін көргенде, олар қуанышты күйге еніп, батылданып кетті. Жүрген жерлерінде Исаның қайта тірілгенін уағыздаған олардың кейбірі өлім жазасына кесілді. Егер Исаның қайта тірілгені рас болмаса, онда олар бұл үшін өмірлерін қимас еді.

Иса өлген соң, үш күннен кейін Оның екі шәкірті Иерусалимнен көрші елді мекенге қарай жолға шықты. Әрине, олар Иса және Оның өлімі туралы әңгімелесіп келе жатты. Ол неліктен өлді? Олар Иса мәңгі өмір сүреді және өздерінің Патшасы болады деп үміттеніп еді ғой. Екеудің осылайша әңгімелесіп келе жатқанда оларға тағы бір жолаушы келіп қосылды. Әңгімеге араласқан ол шәкірттерден не үшін көнілсіз келе жатқандар сұрады. Шәкірттер мұның себебін айтқан кезде, Ол: «Құдай Сөзінде Иса көп азап шегіп, содан соң өлуге тиіс деп жазылғанын білмейсіндер ме? Ол Өзінің өлетінін алдын ала айтып еді ғой», – деді. Көнеесиеттік пайғамбарлықтарды айтып шыққан ол шәкірттерге Мәсіхтің өлімі кездейсоқтық еместігін түсіндірді. Құдай жер бетіндегі адамдардың күнәсін мойнына алып, олар үшін өлуге Өзінің Ұлын әдейі жіберген. Егер Мәсіх айқыш ағашта өлмесе, онда ешкімнің де күнәсі кешірілмес еді.

Осылай әңгімелесіп келе жатқан олар ауылға да келіп жетті. Кеш болып кеткендіктен, шәкірттер өлгі Бейтанысты үйге кіруге шақырды. Ол келісті. Кешкі асқа отырған кезде шәкірттер өлгі Бейтаныстың – өз Ұстаздары екенін таныды! Жол бойы Өзінің өлімінің

себебін анықтап айтып берген Исаың Өзі болып шықты. Қатты таңданған шәкірттер өз-өздеріне келгенше Иса ғайып болып кетті.

Қайта тірілген Исаы көрген олар қандай бақытқа кенелді десендерші! Енді бәрі өзгерді: олар енді қайғырмайды және ешкімнен де қорықпайды, өйткені олардың Ұстаздары – тірі! Иерусалимге қайтып оралған олар өзге шәкірттерге болған жағдайды айтып берді.

**Оқу үшін:** Жохан 20:1–18; Лұқа 24:13–32

**Сұрақтар:** Бос қалған қабірді көрген шәкірттер неге сонша таң қалды?

Исаға не болды?

Қайта тірілген Исаың денесінің сені мен менің денемнен қандай айырмашылығы болды?

Иса мен Оның екі шәкірті туралы әңгімені қайталап айтып бере аласың ба?

**Мінәжат:** Аспандагы Әкеміз! Мен Саған Иса Мәсіхті қайта тірілткенің үшін алғыс айтамын. Сондай-ақ, Исамен мәңгі бірге болатыным үшін де раҳмет айтамын. Сенің ұлы құдіретің мен шексіз сүйіспеншілігінді жи еске алуыма көмектес. Аумин.

## 23. Иса Өз Әкесіне қайтып оралды

Сенің бірнеше күнге ата-анаңнан алысқа кеткен кездерің болды ма? Мүмкін, сен туыстарыңа немесе әжеңе барған боларсың. Үйіңе қайтып оралғанда қалай қуанғаның есінде ме?

Иса шамамен 33 жыл жер бетінде өмір сүрді. Сен Оның Өз Әкесі мен періштегерді қатты сағынып, үйіңе қайтуды қалай аңсағаның білесің бе? Міне, Оның аспанға қайтып оралатын уақыты да келіп жетті.

Ол шәкірттерін ертіп таудың басына көтерілді. Шәкірттерімен сөйлесіп тұрғанда бір үлкен бұлт келді де, Иса оның ішінен еніп, көрінбей кетті.

Иса аспанға қайтып оралып, Құдай тағынан орын алды. Әрине, бізге ол аспан көрінбейді. Бірақ, уақыты келгенде Исаға сенетін және Оған қызмет ететіндердің бәрі сол жерде Исамен бірге болады.

Біз Иса аспанға қайтып оралған кезде онда болған қуанышты көз алдымызыңа елестете алмаймыз. Оны миллиондаған періштегер ән айтып қарсы алды. Олар жер бетіндегі бар адамға деген ұлы сүйіспеншілігі үшін, Исаға иіліп тағым етті. Ол Өзінің даңқын қалдырып, сені мен мені құтқару үшін жерге Адам болып келді. Енді Ол үйіңе қайтып оралды! Құдай Әкесі де Оның қайтып оралғанына қуанып, шаттана қарсы алды.

Иса қазір де аспанда. Ол бізге сол жақтан орын дайындал жатыр. Ол бізді қүтеді және адамдардың бәрінің Өзіне сенім артқаның қалайды. Ол Өзіне сенім артқан әркімге мәңгілік өмірді береді.

Иса Мәсіх Құдайдың алдында біз үшін күәлік етеді.

Бірақ, Өзіне қызмет еткендерді алып кету үшін,  
Ол тағы да жерге келеді.

**Оқу үшін:** Ел. іст. 1:9–14

**Сұрақтар:** Иса жер бетінде қанша уақыт  
болды?

Иса Аспандағы Әкесіне қайтып  
оралатын кезінде шәкіртерінің  
қасынан қалай кеткенін айтып бер.  
Сенің ойыңша, Иса аспанға қайтып  
оралғанда періштeler не істеді?

Иса қазір қайда?

Иса аспанда не істеп жатыр?

**Мінәжат:** Иса Мәсих, Сен қазір аспандасың және  
бізді көріп, мінәжатымызды естисің. Мені соншалық  
сүйгенің үшін және түбінде Өзінмен мәңгіге бірге  
болатыным үшін алғыс айтамын. Сенің еркін  
бойыңша өмір сүруіме көмектес. Аумин.

## 24. Иса тағы бір рет келеді

Иса жерге тағы бір рет келеді. Біз мұның  
қашан болатынын білмейміз, бірақ, осы келгенінде  
балаларын Өзімен бірге алып кететінін білеміз. Бұл  
өте бір керемет күн болады! Біз ақыры Өзіміздің  
Тәңіріміз – Иса Мәсіхті көретін боламыз. Біз әрқашан  
күтіп жүрсін деп, Ол Өзінің қашан келетінін айтқан  
жоқ. Тағы да Ол біздің ұдайы жақсы өмір сүруге  
талпынғанымызды қалайды. Егер Иса Өзінің дәл  
қай кезде келетінін айтқан болса, онда біз күн сайын  
Оның еркін орындауға аса талпынбай, бәрін соңғы

күнге қалдырып қоятын едік. Сөйтіп, Мәсіх келердің алдында ғана Оған ұнамды, үлгілі өмір сүрейік деп шешсек, онда тым кеш қалар едік.

Сондықтан Иса Мәсіх бізге Өзінің қашан келетінін айтқан жоқ.

Біз Оның қалай келетінін де жақсы білмейміз. Әйтсе де, Құдай Сөзінде Мәсіхтің қалай келетіні туралы жеткілікті айтылған. Киелі кітаптан біз Исаңың бізді Өзіне алып кету үшін жөне жаңа аспан мен жаңа жерді жарату үшін келетіні жайлы оқимыз. Біз тіршілік етіп жатқан жер мен айналамыздағы көріп жүргендеріміздің бәрі бір күні өзінің тіршілік етуін тоқтатады. Құдай бәрін жаңадан жасайды. Сонда қорқыныш та, күнә да болмайды. Иса қайта келгенде бәрінің қалай өзгеретінін көз алдыға елестетуге талпынудың да қажеті жоқ. Қазір біз үшін Оның келуіне дайын болатындей өмір сұруіміз маңызды.

Сен Иса Мәсіхті көргің келе ме? Өзінді құтқару үшін өмірін қиған Оның алдында басынды иіп, тағзым ете аласың. Ол кез келген сәтте келіп, сені мәңгігে Өзіне алып кете алады.

**Оқу үшін:** 1 Салониқалықтарға 4:13–18; 5:1–6

**Сұрақтар:** Иса тағы да қашан келеді?

Біз үшін Иса Мәсіхтің кез келген уақытта келетінін білудің маңызы неде?

**Мінәжат:** Иеміз Иса, Сенің жерге тағы да келетінің үшін алғыс айтамын. Күн сайын Өзің туралы ойлап, Сенің келуіңе дайын болуыма көмектес. Аумин.

## 25. Киелі Рух

Жоғарыда біз бір ғана Құдай барын, бірақ Оның үш Тұлғадан тұратынын айттық. Киелі Рух – осы Тұлғалардың бірі. Біз Оны: Киелі Рух Құдай деп атайдыз. Бұған қоса, біз Құдай Әке және Құдай Ұл туралы да айтамыз.

Киелі Рух әрқашан болған. Бүкіл әлемді жаратуға Құдайдың үш Тұлғасы да қатысты.

Құрбан боларынан аз уақыт бұрын Иса шәкірттеріне Өзінің Кектегі Әкесіне қайтып оралатынын айтты және оларға Киелі Рухты жіберуге үәде етті. Исаңың көкке көтеріліп кеткеніне он күн болғанда, Киелі Рух Оның шәкірттерінің жүректеріне келіп үялады. Бірде, шәкірттер мінәжат етіп отырған кезде қатты дауыл тұрғандай шу көтерілді. Бір-біріне таңдана қараған олар әрқайсысының төбесінде от алаулап тұрғанын көрді. Бұл – Иса Мәсіх жіберген Киелі Рух еді. Әлгі алау тез жоғалып кетті де, Киелі Рух шәкірттердің жүректерінде орнығып қалды. Енді шәкірттер кез келген тілде сөйлей алғатын болды. Олардың кейбірі, тіпті, ауруларды сауықтыратын және өлгендерді қайта тірілтетін қасиетке ие болды. Киелі Рух сенушілерді бақытқа бөледі және оларды қудалап, Мәсіхті уағыздағаны үшін таяққа жыққан кездің өзінде ән айтып жүретіндей күш-қуат берді.

Иса Мәсіхті қабылдаған әркімнің жүргегіне Киелі Рух қонып, оның Мәсіх үшін өмір сүруіне көмектеседі. Егер де шынайы мәсіхші болсан, Ол сенің де жүргегінде бар. Барлық жақсы ойлар мен тілектер тек Сол арқылы келеді. Киелі Рух сенің Құдайға сенім артуыңа және Оған мойынсұнып өмір

сүруіңе көмектеседі. Сондай-ақ, Ол сенің қуанышты, әрі адап болуыңа да көмектеседі. Сондықтан да сен өз жүргегіңде сүйіспеншілікті, қуаныш пен бақытты сезіне аласың. Сенің жүргегің Оның мекені болады.

Киелі Рух мәсіхшілердің ғана жүректерінде емес, сонымен бірге бір мезгілде барлық жерде де болады. Кейбір нәрселер туралы Құдаймен қалай сөйлесуді сен үнемі біле бермейсің, сол кезде Киелі Рух көмекке келіп, барлық ойынды ретке келтіреді және айта алмай тұрған дұғанды Құдайға жеткізуге көмектеседі. Оның Өзі Құдай болғандықтан, Киелі Рұхтың біз арқылы айтқан мінәжатын Құдай міндettі түрде естіп, оған жауап береді. Сенің мінәжатыңың Құдайға жетуіне Оның Өзінің көмектесуі ғажап емес пе?

Киелі Рух тек саған ғана көмектесіп қоймайды. Ол әлі Мәсіх жолына түспеген адамдарға да көмектесіп, олардың бойында Құдай сүйіспеншілігіне деген қажеттілікті оятады. Киелі Рух оларға Исаңың өздері үшін істегендерін түсінулеріне көмектеседі.

Киелі Рух саған Құдай Сөзін оқығанда оны дұрыс түсінуіңе де көмектеседі. Егер сен әлі көп нәрсені жақсы түсінбейтін болсаң, онда Құдайға мінәжат етіп, оларды ашып беруін өтін.

**Оқу үшін:** Жохан 16:7–15

**Сұрақтар:** Киелі Рух дегеніміз Кім?

Ол қай жерде болады?

Ол істейтін бірнеше істі атап айт.

Киелі Рұхтың өзімізге көмектесуінے кедергі жасай аламыз ба? Қалай?

**Мінәжат:** Жаратушы Ием, бізге Киелі Рухты жіберіп, келелі мәселелерімізді шешуге көмектескенің үшін раҳмет айтамын. Киелі Рух менің жүргімде әрекет ете алатындағы етіп өмір сұруіме көмектес. Аумин.

## 26. Мәсіхшілердің теріс қылыштар жасауға құқы бар ма?

Біз өзіміздің ешқашан мәңгілік өмірді мұраға ала алатындағы дәрежеде жақсы бола алмайтынымызды білдік. Біз тек Иса Мәсіхтің өлімі мен Оның қайта тірілуі арқылы ғана құтқарыла аламыз. Бұл, онда біз не істей берсек те болады дегенді білдіре ме? Ойланып көрейікші: біз Мәсіхтен өзіміздің Құтқаруышымыз болуын өтінгеннен кейін ғана мәсіхшілерге айналдық; бұдан соң қалайша күнә жасаймыз?

Құдай жүргімізге енген кезде, біздің жақсы болуымызға көмектесуді қалайды. Осы жерде амалсыздан мынадай сұрақ туындаиды: осының бәріне қарамастан, біз неліктен жи қателіктер жасаймыз?

Мұны шайтан істейді. Ол өте күшті; ол, тіпті, ең мықты деген періштелердің өзінен басым түседі. Ол бізді қалай алдауды және жүргімізде жаман тілектерді қалай оятуды біледі. Аспанға барған кезімізде Құдай бізге жаңа жүрек береді – ол жүректе ешқашан да жаман ойлар болмайды.

Ал жердегі өмірде, біз күнә жасауға бейімбіз. Жүргімізге орнықан сөттен бастап, Құдай біздің күнәмен құресуімізге көмектеседі. Бірақ, біз Исадан үнемі өмірімізді Өз қолына алып, шайтанды қуып шығуын сұрап отыруымыз керек.

Біздің жаңа жүрекке ие болған сәтіміз қандай

тамаша болады десеңші! Сонда бізді ештеңе де жамандыққа итермелеп, ашуымызды қоздырмайтын болады.

Иса Мәсіхтің шайтаннан әлдеқайда күшті екенін және шайтанның Одан қатты қорқатынын ешқашан да есінен шығарма. Біз Исаны көмекке шақырған кезде, шайтан қашып кетеді.

**Оқу үшін:** Рим. 6:1–10

**Сұрақтар:** Шайтанның не істегісі келеді?

Сен шайтаннан күштісің бе?

Шайтаннан кім күшті?

Шайтанның бізді күнәға итермелегеүіне қалай қарсы тұра аламыз?

**Мінәжат:** Иеміз Иса Мәсіх, мен Саған бәрінен, тіпті, шайтаннан да күшті болғаның үшін алғыс айтамын. Жүргімді Өзің үшін таза ұстаяға көмектес. Аумин.

## 27. Сенің жүргегінің тағында кім отыр?

Сен тақтың не екенін білесің бе? Ол – патша отыратын тамаша орындық, патша елін сол жерде отырып басқарады.

Сен өз жүргегінде де тақ барын және онда да біреудің отырғанын білесің бе? Ол жерде сенің өзің отырмаяған боларсың деп үміттенемін. Әрине, қазір мен нағыз тақ туралы айтып тұрған жоқпын. Біздің жүргегімізде де нағыз патша бар, ол Құдай балала-рына ненің бұрыс, ненің дұрыс болатынын білдіріп тұрады. Ол Патша деп отырғанымыз – Иса Мәсіх.

Бірақ осы таққа отырып алып, бізге билігін жүргізгісі келетін тағы екеу бар. Оның бірі – шайтан, ал екіншісі – өзіндегі «мен» деген өркөкіректік. Егер Иса бір нәрсені талап еткенде, сен оны басқаша істейтін болсан, онда бұл кезде сенің жүрегінің тағында Иса Мәсіх емес, басқа біреудің отырғаны. Яғни, бұл жүрегіндегі Исаңы отыруға тиісті тағынан қыып шыққаның. Өзіңе-өзіңің патша болғың келгені. Егер сен бұлай істесен, шайтан қуанып қалады. Сенің жүрегіндегі тақта Иса отырмаса, шайтан сені түрлі күнөға итермелейді. Егер сенің жүрегінде Құдай отырмаса, бұлай істеу – шайтан үшін түк те емес.

Өз жүрегіндегі тақта өміріңің патшасы болып өзің отырсан, онда шайтан жүрегінің үйіне еш кедергісіз кіріп алады да, оның астан-кестенің шығарады. Ол өзінің сенен күшті екенін біледі, сондықтан да ол саған күле қарайды, себебі сен өзінді басқармайсың, шын мәнінде сені ол басқарып отыр. Ол сенімен ойына келгенін істей алады.

Ал егер сенің тағында Құдай отырса, онда шайтанның жаман бір нәрсе істеуге батылы бармайды. Ол қашан сен өзім патша боламын деп шешім қабылдағанша тығылып, күтіп отырады.

Біздің Құдайымыз өте шыдамды, мейірімді және ұлы. Ол сенің тағыңа өзің сұраған жағдайда ғана отырады. Сен мәсіхші ретінде Оған тағыңнан үнемі орын беруге тиіссің. Құдайдан бұл туралы сұрасан, Ол саған көмектеседі. Киелі Рух бұл жайлы үнемі сенің есіңе салады.

Сенің өміріңің патшасы кім? Сенің жүрегінің тағында кім отыр? Құдай отыр ма, өлде, онда өзің отырып, өмірінді шайтанға билетесің бе?

**Оқу үшін:** Рим. 6:14–23

**Сұрақтар:** Жүргегінің тағына кім отырғысы келеді?

Егер тақта Құдай отырса, шайтан не істейді?

**Мінәжат:** Құдіреті күшті Құдай, біздің аспандағы Әкеміз! Шайтан мені құнға батырмас үшін Иса Мәсіхті жүргегімнің тағына отырғызыуынды сұраймын. Исаның шайтаннынан күшті болғаны үшін Саған алғысымды айтамын. Аумин.

## 28. Сенің жүргегінің тағында әрқашан патша болуы керек

Сенің жүргегінің тағы туралы айтқанымыз есінде ме? Ол тақта салтанатпен отырғысы келетін үш патша барын да айтқанбыз. Оның бірі – нағыз Патша – Иса Мәсіх, ал қалған екеуі – шайтан және сенің бойындағы «мен». Өз тағыңа өзің ие болған кезде, шайтан сенің жүргегіңе енеді де, істегендеріңің бәрі теріс болып шығады. Ал егер сенің тағында Иса Мәсіх отырса, онда шайтанның тығылуына тұра келеді. Онда сен қуанышты және көнілді күйде боласың. Сенің істеген жақсы істеріңе Иса да, ата-анаң да қуанады. Жүргегінде Құдай патша болып тұрған кезде бәрі де дұрыс болады, ал сен өз қалауыңмен әрекет ете бастадың болды, бәрі керісінше болып шығады.

Құдай біз үшін бәрін жасағаннан кейін, Оған өз өмірімізді өзіміз басқарайық дегеніміз жәнсіз емес пе? Әрине, солай, бірақ біз бұған қарамастан өз дегенімізді істейміз.

Жүргіміздің тағында тек Исаңың патшалық етуі үшін не істеуіміз керек? Құдайды жете білуге тырыс, сонда сен Оны шын жүргіңмен сүйіп, өз жүргегінде тек Соның ғана билік етуін қалайтын боласың.

Біз Құдайды неғұрлым жетік білген сайын, Оны соғұрлым жақсы көре түсеміз және өз өмірімізді Оның қолына сеніп тапсырамыз. Құдайды неғұрлым жақын танысақ, соғұрлым Оған деген сеніміміз нығаяды және жүргіміздің тағында тек Ол отырсын деген тілегіміз күшейе түседі.

Біз жүргімізден екі түрлі үнді жи естіміз. Оның бірі: «Бұлай істеуге болмайды» десе, екіншісі: «Онда тұрған ештеңе жоқ, солай істей бер» деп тұрады. Бұлардың қайсысы – Киелі Рухтың дауысы, ал қайсысы – шайтандікі екенін қалай білуге болады? Кішкентай нәресте өз анасының дауысын өзге дауыстардан өте ерте ажыратады, ал өскен сайын оның дауысын көптеген дауыстардың ішінен айнаңтай таниды. Біз де Киелі Рухтың дауысына осылай үйреніп, оны шайтанның дауысынан ажырата аламыз.

Бұған қалай үйренуге болатынын білесің бе? Онымен сөйлесіп үйрену керек. Адамдарды жақын танудың ең жақсы тәсілі: онымен әңгімелесу. Бірақ біз Құдайды көре алмаймыз ғой, сонда Онымен қалай сөйлесеміз? Біз Онымен мінәжат арқылы сөйлесеміз. Ол біздің айтқанымызды әрқашан естиді, тіпті, біздің өте ақырын, өзге адамдар ести алмайтын дауысымызды да естиді.

Құдайды жақын танудың тағы бір тәсілі: Оның бізге айтқысы келетініне мұқият құлак тұру. Құдай бізben қалай сөйлеседі? Ол бізben Киелі кітапты

оқыған кезімізде сөйлеседі. Киелі кітап Оның Сөзі болып табылатындықтан, біз Құдайдың өзімізben сөйлесіп тұрғанын естіміз. Біз Оның не айтқысы келіп тұрғанын үнемі түсіне бермейміз, бірақ, бізге бәрін түсіну міндettі емес. Біз Киелі кітаптан оқығанымыз туралы ойланып қалсақ, Киелі Рух біздің Құдайды жақынырақ тануымызға дереу көмектеседі.

**Оқу үшін:** 12:1–3

**Сұрақтар:** Сенің жүргегінде бір мезгілде қанша патша билік жүргізе алады?  
Құдайды жақынырақ білу бізге не үшін қажет?  
Құдайды қалай жақынырақ біле аламыз?

**Мінәжат:** Жаратқан Ие, Сені жақынырақ білгім келеді. Өзіңмен мінәжат арқылы сөйлесе алатыныма қуаныштымын. Сені бұдан артық жақсы көріп, сенім артуым үшін Өзінді жақынырақ тануима көмектес. Аумин.

## 29. Жеміс беру

Бір бала әкесімен қыдырып жүріп, ағаштың астында жатқан қураган бұтаны көрді.

— Өке, мына құргақ ағашқа қара! — деді ол қуанып.  
— Мен оны үйге апарып отырғызамын: мүмкін, жапырақтар өсіп шығар, тіпті, алма беруі де мүмкін ғой!

— Жоқ! — деді әкесі, — бұл қурап қалған бұтақ. Ол енді ешқашан жапырақ жаймайды және алма да бермейді.

– Ол қайтадан жеміс беру үшін ештеңе жасай алмаймыз ба? – деп сұрады бала.

– Жоқ, ол өліп қалған. Мұның жалғыз ғана амалы бар, егер оған Құдай жаңа өмір берсе, ол қайта көгереді.

Біз де осы бұтақ секілді өліміз, ал Иса – өмір ағашы. Біз өзімізге көмектесе алмадық; сондықтан Құдай қураған бұтақ секілді бізді алды да, тірілтіп, ағашқа апарып будандастырды. Енді біз қуаныш, сүйіспеншілік, тәзімділік секілді жемістерді бере аламыз.

Біз Мәсіхке деген сүйіспеншілігіміз арқылы қайырымды істер жасаймыз. Біз жаңағы қураған бұта секілді едік, бірақ Құдай бізге жаңа өмір сыйлады.

**Оқу үшін:** Жохан 15:1–8

**Сұрақтар:** Қураған бұтаққа жеміс өсе ме?

Киелі кітап күнөһарлар өз күнәларының кесірінен өлі дейді. Олар неліктен қурап қалған бұтаға ұқсайды?

Адамдарды құтқару үшін Құдай не істеді?

**Мінәжат:** Аспандагы Әкеміз! Күнәмнан ажыратушы – Құтқарушының керек екенін білемін. Мені құтқару үшін Иса Мәсіхті жіберіп, жаңа өмір сыйлағаныңа алғыс айтамын. Жақсы жеміс беруіме көмектес. Аумин.

### 30. Адамның Құдайды жақсы көретінін қалай білуге болады?

Сірә, сен де әлдекімдер туралы: «Олар Құдайды шын жақсы көре ме екен?» деп ойланған боларсың? Мұны сұрамай-ақ білуге болады. Иса Мәсіхтің Өзі берген үлгісі бар, біз соған қарап Оны қанышалықты сүйетінімізді біле аламыз. Ол мұны біздің істеген істерімізге қарап білуге болады деген. Құдайды сүйеміз дейтін және Оны қуанту үшін бар күштерін салатын адамдар туралы: олар шынымен де Құдайды сүйеді деп айтуда болады. Мәсіхті жақсы көретіндері жайлы айтқандарымен, Оның өздерінен күткенін іstemейтін адамдар да бар, олар Құдайды сүймейді.

Біздің Құдайға деген сүйіспеншілігіміз неден көрінеді? Біріншіден, біз адамдардың бәрін жақсы көріп, оларға қайырымды болуымыз керек. Біз бұған қунделікті ата-анамызды сыйлап, олардың айтқандарын екі етпей орындау арқылы жаттығамыз.

Мысалы, біз іні-қарындастарымызға қамқор болып өз ойыншықтарымызben ойнауларына рұқсат етеміз немесе мектептегі достарымызға қандай да бір көмегімізді тигізе аламыз. Кімге қайырым жасау керектігін ешкім айтпай-ақ, өзің де біле аласың.

Ал егер сен өзгелерге қайырымысız болсан, онда сен өзінді Иса Мәсіхтен артық көргенің. Егер де сен Исаны шын жақсы көрген болсан, онда қандай жағдайда болмасын, Оның еркін орындауға тырысасың.

Әрине, бұл оңай емес. Бұған жаттығу қажет. Пианинода ойнап немесе суда жүзіп үйрену үшін

қанша жаттығу керек екенін білесің бе? Мойынсұнып үйрену үшін де дәл осылай жаттығу қажет. Сонда бір-бірімізге қайырымды болуға үйренеміз. Егер саған біреу жекіп сөйлесе, ең оңайы – оған да дөрекілікпен жауп қайтару. Бірақ, біз айқайға айқаймен емес, кішіпейілділікпен жауп беріп үйренуіміз керек. Киелі кітапта мәсіхшілердің ерекше қасиеті – олардың өзгелерге деген сүйіспеншілігі, – делінген. Сондықтан, адамның істеген қылышына қарап, оның Құдайды қаншалықты сүйеттінін білуге болады.

Егер де біздің өзіміз қайырымсыз болсақ, онда өзгелердің Иса Мәсіхті жақсы көруге деген тілектері қалай оянбақ?

**Оқу үшін:** 1Жохан 2:3–14

**Сұрақтар:** Адамның Құдайды сүйеттінін қалай білуге болады?  
Қалай қайырымды болуға болады?  
Пианинода ойнап немесе жүзіп үйренгің келсе, жаттығу қажет пе?  
Қайырымды болу үшін жаттығу қажет пе?  
Өзіңе жаулық көзқараспен қараған адаммен не істеуге болады?

**Мінәжат:** Иса Тәнірім, Сен маған мейірімің мен шексіз сүйіспеншілігінді көрсетіп, мәңгілік өлімнен құтқарып алдың. Енді менің де өзгелерге мейірімді болуыма көмектесуінді сұраймын. Басқа адамдар да Саған бала бола алулары үшін, Сенің сүйіспеншілігің менен көрініп тұрсын. Аумин.

### 31. Құдай балалары күнә жасаған кезде не болады?

Құдайды сүйетінің қарамастан, Оны ренжітіп алғанынды сезінген кезде не істеу керек? Иса біздің Құдайымыздың айналған сәттен бастап, қыныңдықтарымыздың бәрі бірден жойылып кетеді деп ойлауға болмайды. Шайтан бізді жамандыққа итермелеуін жалғастыра береді. Егер, біз өте мұқият болмасақ, кейде ол бұл мақсатына жетеді де.

Енді не істеуіміз керек? Бұған Киелі кітап жауап береді: біз Исаңың алдында өз күнәларымызды мойындауымыз керек, сонда Ол бізді кешіріп, Құдаймен жақсы қарым-қатынасымыз қайта қалпына келеді. Болашақта күнәға бармауымыз үшін, кейде Исаңың бізді жазалауына тұра келеді. Мысалы, Ол бұрын бізге қуана беріп жүрген нәрселерді беруден бас тартады.

Бірақ, біз әрқашан Исаға келіп жасаған күнәларымызды мойындалап, Оның кешіргені үшін алғысымызды білдірсек, онда Исаңың өзімізге деген сүйіспеншілігін қайтасезіне аламыз. Бұлсеніңәлдебір жаман қылышың үшін ата-анаңың жазалағанына ұқсайды. Мұндай сәттерде сен де, ата-анаң да қамышып қаласындар. Бірақ, бәрі реттелген соң, сендердің жүректерің қайтадан қуанышқа кенеледі.

Бірде-бір адам күнәні кешіре алмайды. Бұл тек Құдайдың ғана қолынан келеді. Құдайдың айтуы бойынша, біз Оған бара аламыз және баруға тиістіміз. Өз күнәміз үшін Оған басқа біреуді жібере алмайдыз, Құдай Өзінің алдына біздің өзіміздің барғанымызды қалайды.

- Оқу үшін:** 1Жохан 1:8 – 2:3
- Сұрақтар:** Күнә жасаған жағдайда, Құдай балаларының не істеуі керек?  
Кейде Құдай бізді қалай жазалайды?  
Ол бізді не үшін жазалайды?

**Мінәжат:** Аспандагы Әкем, күнөмнің кешірілеттің үшін Саған шексіз ризамын. Қандай да болмасын күнә жасасам, кешіресің, бірақ Өзіңнен кешірім сұрауды әрқашан ұмыттырма. Сенің маған деген осындай сүйіспеншілігің үшін алғысымды айтамын. Аумин.

### 32. Біз неге кейде жазалануға тиіспіз?

Сен қалай ойлайсың, егер ата-анаң сені жазаласа, олар мұны қатігез болғандықтарынан істей ме? Әрине, олай емес! Керісінше, олар Құдайды тыңдайды, Оның құлақ аспайтындардың бәрі жазалануы керек деген сөзін орындаиды. Киелі кітапта: жазалау бізге ұнамауы мүмкін, бірақ ол тәрбие үшін керек делінген. Балалар ата-аналарының айтқандарын тыңдауы керек, ал егер олай болмаса, ата-анасы оларды жазалауға тиіс.

Жазалау жақсы көмектеседі. Егер саған тағы жаман ой келетін болса, бұрынғы тартқан жазаң еріксіз есіңе түседі де, сен ол ойыңнан бас тартасың. Сондай-ақ, жазалау Құдайды неше рет ренжіткенімізді де есімізге салып отырады.

Егер жаман қылыштар жасаған балалар жазаланбаса не болар еді? Мұндай жағдайда балалар ата-анасын өздері қалаған кезде ғана тыңдайды; олар мұғалімдерін де тыңдамайтын болады, ал кей-

іннен мүлде заңға бағынбай кетеді. Ешқашан жаза тартпаған балалардан қауіпті қылмыскерлердің шығуы мүмкін, себебі олар өз беттерімен кеткен және басқалар туралы ештеңе ойламайды.

Көрдің, әке-шешеңсені жазалағанда ешқандай жаманшылық ойламайды. Олар өзгелердің игілігі туралы, олардың құқықтары мен Құдайдың сенен нені талап ететіні жайлы ойлауына көмектеседі. Құдай сенің тек өз еркінді орындағаныңды қаламайды. Жазалану сенің болашақ өмірінде көптеген қыныңдықтардан аулақ болуына көмектеседі.

Бірақ, бәрінен бұрын ата-ананы, ұстаздарды және өзге адамдарды тыңдаپ үйрену қажет. Егер біз оларды тыңдаپ үйренсек, онда Мәсіхке мойынсұнуымыз да оңай болады. Егер ата-аналарымыз бізді әлдебір қылықтарымыз үшін жазалайтын болса, олар бұл арқылы тек біздің Исааны бұрынғыдан да жақсы көріп, Оның еркін орындауға дайын болуымызға көмектеседі. Ата-анамызды тыңдау арқылы, біз Құдайға мойынсұнуды да үйренеміз.

Яғни, балаларың жазала маитыната-аналароларға зиянын тигізеді. Сондықтан, келесі жолы ата-анаң жазалаған кезде ашуланба, оның орнына жазаның бұдан кейін мойынсұнып жүруіңе көмектесетіні туралы ойла.

Кімде-кімнің бау-бақшасы болса, сол үнемі сонда болып, арам шөптерді жұлу қажет екенін біледі, өйтпесе, еккен өнімді арамшөп басып кетеді.

Біздің жүректеріміз де осы бау-бақшаға ұқсайды. Сондықтан ата-аналарымыздың сол арам шөптерді дер кезінде жұлып тастауға көмектескені үшін алғысымызды айтуымыз керек.

**Оқу үшін:** Ефес. 6:1–9  
**Сұрақтар:** Жаза неліктен біздің пайдамызға жарайды?  
Балаларды жазаламаса не болады?  
Сен қалай ойлайсың, егер сен атанаңды тыңдалап үйренсөн, Құдайды да тыңдайтын боласың ба?

**Мінәжат:** Құдіреті күшті Құдай, біздің Көктегі Әкеміз!  
Мен Сенің Әкем екенінді білемін, сондықтан да, егер кейде теріс қылықтар жасасам, мені жазалағаның дұрыс. Жасаған қатемді қайталамауыма көмектес.  
Мен мұны Исаңың атынан сұраймын. Аумин.

### 33. Құдайдың хаты

Әкеңнің шетелде жүргені туралы ойлаши: ол сенімен сөйлесе алар ма еді? Жоқ, ол өте алыста, сен оны көре алмас едің және телефон арқылы болмаса, оның дауысын да ести алмас едің. Бірақ, оның сенен нені қалайтынын білудің бір жолы бар. Оның саған хат жазуына болады.

Құдайдың өзіңмен сөйлескің келгенін көз алдыңа елестетші. Егер бұл үшін Оның Өзі келетін болса, сен Оның құдіретіне шыдай алмас едің! Бірақ, Ол сенімен басқаша сөйлесе алады: Құдай саған ұзақ хат жолдады, сен сол хатты оқи отырып, Оның өзіңе не айтқысы келгенін біле аласың. Бұл хат – Киелі кітап. Ол Құдай туралы, Оның істеген істері мен сенен нені күтетіні туралы көптеген жайттарды баяндал береді. Сен Оның хатын оқыдың ба? Құдай бұл хатты

жазған кезде Оған қарындаштың да, қаламсаптың да, жазу машинкасының да қажеті болған жоқ. Olsen шын жақсы көретін адамдарды таңдал алды да, оларға әр түрлі хаттарды жазғызды, Киелі кітап сол хаттардан құралды. Кейде, Құдай оларға көмектесу үшін аян беріп, болашақтың суреттерін көрсетті. Әлгі адамдар оларды суреттеп, қағазға түсіріп отырды. Содан соң Құдай сол жазылғандардың жоғалып кетпеуінің қамын жасады. Осылайша Киелі кітап біздің заманымызға дейін жетті.

Кейде ол адамдар өздерінің Құдайды қалай сүйетіндері әнене Olsen туралы не ойлайтындары туралы жазды. Мысалы, Дәуіт патша біз Киелі кітаптан кездестіретін көптеген Забур жырларын жазды.

Тағы басқалары өздерінің әнене достарының бастарынан өткергендері жайлы баяндады. Мұны жазып отырғанда олар осыны жаздырып отырған Құдайдың Olsen екенін білген де жоқ.

Киелі кітап жазылғаннан бері қанша уақыт өткенін білесіндер ме? 2000 жылдан астам уақыт өтті!

Осындай хат қалдырып, Құдай бізге ұлы жақсылық жасады. Соның арқасында біз Жұмақ, Иса әнене Оның бізге деген сүйіспеншілігі жайлы көп нәрселерді біле аламыз.

Егер досыңа хат жазып, ал ол оны бір рет те оқымаса, сен не ойлар едің? Менің ойымша, сен қатты ренжіп қаласың. Olsen арналған бұл хатты сен де оқымай қойғаныңды көрсе, әрине, Құдай да ренжиді. Сондықтан Киелі кітапты оқудың маңызы зор. Мүмкін, онда жазылғандардың көвшілігі сен

ұшін түсініксіз болар, бірақ, сен бәрібір аздап болса да түсінесің, ал есейе келе, одан да көбірек түсіне бастайсың.

Егер сен денсаулығың мықты, әрі қүшті боламын десен, онда тамақтанып, ішіп-жеуің керек. Ал егер Тәнірді біліп өскің келсе, онда Киелі кітапты да сол секілді оқып үйренуге тиіссің.

**Оқу үшін:** 2Тімоте 3:14–17; 4:1–2

**Сұрақтар:** Досыңмен сөйлеспей-ақ, оған бір нәрсені қалай айтуда болады?  
Өзінің Сөзі бізге жетуі ұшін Құдай қандай жолды таңдап алды?  
Сен Құдайдың өзіңе жолдаған хатын оқисың ба?

**Мінәжат:** Біздің Көктегі Әкеміз, бізге жазған хатың – Киелі кітап ұшін алғыс айтамын. Онда айтылғандардың бәрін орындауыма көмектес. Ол менің жолыма жарық болсын. Мен мұны Иса Мәсіхтің атынан сұраймын. Аумин.

### **34. Киелі кітапта айтылғандардың дұрыс екенін сен қалай білесің?**

Бізге Құдай туралы айтатын болғандықтан, Киелі кітап әлемдегі ең маңызды Кітап болып табылады. Ол бізге өзге ешбір кітаптан таба алмайтын жайттар туралы айтады, мысалы: Құдайдың әлемді және алғашқы адамдарды қалай жаратқаны жайында. Мұның қалай болғанын ешкім көрген жоқ және оны көруге мүмкіндігі де болмады. Жаратылыс жайлы

Құдай Киелі кітап арқылы айтып бермегенде, біз ештеңені білмес едік.

Кейбір адамдар, егер біз әлемнің қалай жаралғанын өз көзімізben көрмегеннен кейін, оның бәрін Құдай жаратқанын қалай білеміз дейді. Олар Киелі кітапта жазылғандарға сенбейді. Киелі кітапта жазылғандардың шындық екенін өзге адамдардың түсінүлеріне қалай көмектесе аламыз?

Мысалы, мынандай фактілерге сүйенуге болады: Киелі кітапта көптеген оқиғалар ол оқиға болардан көп уақыт бұрын жазылған. Онда яһуди халқының Палестинадан қыылатыны және Құдайдың оны қайтадан сонда апаратыны айтылған. Мұның бәрі қазір, біздің заманымызда орындалып жатыр. Біз мұны өз көзімізben көргендіктен, Киелі кітапта айтылғандардың шындық екеніне сенеміз. Немесе: Киелі кітапта бұдан көптеген ғасырлар бұрын өмір сүрген патшалардың есімдері аталады. Киелі кітапқа сенбейтін адамдар, мұндай патшалар болған емес, мұның бәрі ойдан шығарылған дейді. Бірақ, көптеген ғалымдар қазба жұмыстарының нәтижесінде осы патшалардың Киелі кітапта айтылғандай дәл сол заманда және сол елдерде өмір сүргенін дәлелдеді.

Киелі кітаптың ақиқаттығын дәлелдейтін тағы бір факт бар және бұл, сірә, ең сенімді дерек болар: онда біздің күнәларымыздың қалай кешірілетіні және өміріміздің өзгеретіні жайлы жазылған. Адамдар Құдайға бет бұрган кезде, олардың өмірлерінің қалай өзгеретінін өз көзімізben көре аламыз. Бұл Киелі кітаптың ақиқаттығының айқын дәлелі болып табылады.

Сондықтан біздің өмірімізді Исаның басқаруы өте

маңызды, олай болмаған жағдайда, достарымыздың Киелі кітапта жазылғандардың шындық екендігіне сенулері қын болады.

**Oқу үшін:** 2Петір 1:16–21

**Сұрақтар:** Әлемнің жарапанын кім көрді?

Мұның бәрінің қалай болғанын бізге айтып бере алатын Кім?

Құдай бұл туралы қайда айтады?

Киелі кітапта алдын ала жазылған бір оқиға туралы айтып бер.

**Mінәжат:** Қектегі Әкеміз, мен Сенің мәңгілік екенің үшін алғыс айтамын. Киелі кітапта жазылғанның бәрі шындық екеніне де ризамын. Маған оны оқып, дұрыс түсінуіме көмектес. Аумин.

### 35. Егер біз Киелі кітапты оқымасақ не болады?

Киелі кітапты оқу және онда жазылғандарды орындау шын мәнінде соншалықты маңызды ма? Иә! Бірақ, Киелікітапты оқудың және онда жазылғандарды орындаудың қажеті жоқ деп есептейтін адамдар да бар. Олар өздері білуге тиісті нәрсенің бәрін білеміз деп ойлайды. Олар Құдайды танып-білудің оңай емес екенін түсіне алмайды. Киелі кітапты оқымаса, Құдайдың күнөні жек көретінін олар қалай түсінеді? Олар Иса Мәсіхтің өз күнәлары үшін өлгенін Киелі кітапсыз біле ала ма?

Әрине, біз гүлдерге, ағаштарға, табиғатқа қарап Құдай жөнінде кейбір нәрселерді білуімізге болады.

Күн, ай мен жұлдыздар Оның қаншалықты ұлы және құдіретті екенін көрсетеді! Бірақ, Оның бізді қалай жақсы көретіні туралы тек Киелі кітаптан ғана біле аламыз.

Біз Киелі кітапты толықтай оқып, онда жазылғандардың бәрін орындауға тиіспіз. Киелі кітапты оқып отырған кезімізде, оның кейбір тараулары бұдан көп жылдар бұрын өмір сүрген адамдарға арналып жазылғанын байқаймыз. Мысалы, онда исраилдіктерге құрбандық шалу үшін, құрбандық шалатын орынды қалай салу керектігі жазылған. Құдай сол құрбандықтар арқылы олардың күнәларын кешіруді ойлаған. Қазір бізге құрбандық шалудың қажеті жоқ, себебі, Құдайдың құрбандық Тоқтысы – Иса Мәсіх барлығымыз үшін құрбан болып, айқыш ағашта өлді. Бізге енді басқа құрбандықтың қажеті жоқ. Киелі кітапта жазылғандардың кейбірін бүгінгі күндерде орындаудың қажеті болмаса да, оларды оқудың бәрібір пайдасы бар. Себебі, онда Құдайдың жоспарлары, Оның сүйіспеншілігі және Иса Мәсіх жайлы айттылған. Сондықтан, Киелі кітаптың барлық жері маңызды, оны оқып, үйрену керек.

Бізкүнделіктіөзімізден: бүгінгі оқығандарымыздан нені үйрене аламыз? – деп сұрауымыз керек. Екінші жағынан, кейбір оқығандарымыз жайында: «Мұның маған қатысы жоқ. Сірә, бұл басқа біреулерге арналып жазылған болар» деген ойдан абай болуға тиіспіз. Ал егер ол саған арналып жазылған болса, онда есінде болсын: оған ықыласың бар ма, жоқ па, – мәселе онда емес, сенің міндетің – Құдайдың өзіңе Киелі кітап арқылы айтқандарын орындау. Киелі кітапта жалғандық бар деп ойлама және онда

айтылғандардан бас тартпа! Біз Киелі кітаптың сөздеріне ештеңе қоспауымыз да, ештеңені алып тастамауымыз да керек.

**Оқу үшін:** Зәбүр 118:9–16

**Сұрақтар:** Біз Киелі кітапсыз да Құдай жайлы біле аламыз ба?

Құдайдың қандай ерекше қасиетін біз тек Киелі кітап арқылы ғана білеміз? Киелі кітаптың құрбандықшалу туралы айтылған тұстарын орындауымыз керек пе?

Бұл аяттардың біз үшін қандай маңызы бар?

**Мінәжат:** Жаратушы Ием, мен Саған Қасиетті Сөзің – Киелі кітап үшін алғыс айтамын. Сенің Киелі кітапта күнәларың кешіріледі дегенің үшін рахмет. Маған Киелі кітапты күнделікті оқуға және өситеттерінді орындауға көмектес. Аумин.

### 36. Құдай менен не тілейді?

Құдай баласының ең басты міндеті – Оның тілін алу. Тек сонда ғана нағыз бақытты бола аласың.

Мүмкін, сен: «Құдайдыңменен нетілейтінің қайдан білемін?» – деп таң қаларсың. Бұған жауап алу үшін, сен өзің осы жайлы Құдайдан сұрауың керек. Бірақ, Ол бұған жауап берे ме? Иә. Ол саған қуана жауап береді. Бәлкім, алғаш саған Құдайға сұрақ қою және Оның қайтарған жауабын есту қыын болып көрінер де. Сен өке-шешенді күнде көріп, олармен сөйлесе

аласың. Ал Құдайды біз көре де, ести де алмаймыз. Сонда, Оның бізден нені қалайтынын қалай білеміз?

Азырақ ойлансақ, бұл сұрақта жауап беру қыын емес. Мысалы, өте алыста тұратын адамдардан қалай хабар алуға болады? Олармен хат арқылы хабарласуға болатынын жоғарыда айтып кеттік. Келген хатты оқып, оны жазған адамның нені қалайтынын біле аласың.

Құдай бізге ұзақ хат жазды: ол – Киелі кітап. Егер біз оны оқи бастасақ, оның басқа хаттардан өзгеше екенін байқау қыын емес. Ол әдеттегі хаттардан ұзақ және олардан әлдеқайда қызықты. Онда Құдайдың бізден не күтетіні және Оның нені жек көретіні жайлыштырылған. Сондықтан да Киелі кітапты оқу біз үшін өте маңызды.

Құдай бізден не қалайтынын өзге жолдармен де білдіре алады. Ол біздің әділетті жолмен жүріп, ешқандай жамандық жасамағанымызды қалайды. Әдетте біз ненің жақсы, ал ненің жаман екенін өзіміз де білеміз.

Егер басымызға жаман ой келсе немесе жамандық жасасақ, онда өзімізді жабырқау, бақытсыз етіп сезіндіретін сезімді берген. Сонымен, егер сенің бір нәрсе істегің келіп, бірақ сол сәтте жүргің тыншымай, мазасызданып тұрсаң, есінде болсын, бұл Құдайдың өзіңмен сөйлесіп, сені күнә жасаудан тоқтатқысы келгені. Бұл сезім – Құдайдың үні немесе ар-ојдан.

Құдайдың бізден нені күтетінін және оны қалай орындауға болатынын білудің тағы бір жолы бар. Ол жайында ата-анаңнан немесе Мәсіхті шын сүйетін басқа да адамдардан сұрап білуіңе болады.

Егер сен шынайы мәсіхші болсаң және Құдайды шын сүйсен, Құдайға мойынсұнып, Оның өзіңнен күткендерін істеуге даяр болсаң, онда, сөз жоқ, Құдай саған Өз еркін білдіреді.

**Оқу үшін:** Жар. баст. 24:34–48

**Сұрақтар:** Құдайдан қандай сұраққа жауап алғың келеді?

Саған жауап беру үшін, Құдай періштепердің көмегіне жүгіне ме?

Құдайдың сенен не тілейтінін білдіретін бірнеше тәсілін ата.

Біздің мінәжатымызды Құдай әрқашан ести ме?

**Мінәжат:** Құдіреті күшті Құдай, өзінің бар үмітін Иса Мәсіхке артқан адамдардың Әкесі! Біздің барлық сұрақтарымызға жауап беретінің үшін Саған рахмет айтамын. Өзіңнің менен не тілейтінінді түсінуіме көмектескенің үшін рахмет. Балаларыңа Өзіңнің еркінді орындауға көмектес. Аумин.

### 37. Неге мәсіхшілер әрқашан бірлікте болмайды?

Бірде анасы екі ұлына: «Мен бақшаға барайын, ал сендер дүкенге барып, нан сатып әкеліңдер», – деді. Балалар сөзге келмestен велосипедтеріне отырып, дүкенге қарай зымырады. Бірақ, олар нан сатып алар кезде қандай нан аларларын білмей, көп дауласты. Бірі – шешем ақ нанды, ал екіншісі – қара нанды жақсы көреді деді. Олардың бұлай

қызыл кенірдек болғанын көрген адамдар бастарын шайқасты.

Киелі кітаптың кей тұстарын оқығанда да осындай пікірталастар болады. Мысалы, Киелі кітаптан біз мәсіхшілер шомылдыру рәсімінен өтуі тиіс деп оқимыз. Бірақ, шомылдыру рәсімі дегеніміз не? Көптеген мәсіхшілер бұл туралы әр түрлі пікірлерді ұстанады. Олардың кейбіреулері – баланы кішкентай кезінде шомылдыру рәсімінен өткізу керек деп ойласа, екіншілері – Иса Мәсіхті өзінің жеке Құтқарушысы ретінде таныған ересек адамдарды ғана шомылдыру керек деп есептейді. Біреулер – шомылдыру рәсімін өткізген кезде суды басынан құю керек десе, екіншілері – оны суға толық түсіру керек дейді.

Нан үзу рәсімі жөнінде де пікірлер әр түрлі.

Сондықтан да, пікірлері әр түрлі адамдар әр басқа қауымдарға барады. Олардың біреулері өздерін – баптистерміз десе, екіншілері – лютеран немесе католик деп санайды. Олардан басқа да көптеген діни ағымдар бар.

Бірақ, қауымдар әр түрлі болғанымен, олардың ортақ бір мұддесі бар: өздерін мәсіхшілер деп атایтындардың бәрі біздің күнәмізді кешіретін және құтқаратын – тек Иса Мәсіх қана деп сенеді. Бұл ең бастысы.

Сонымен, барлық қауымдарда пікірлері әр түрлі болғанына қарамастан, Құдайды сүйетін және Оған шын ниеттерімен үміт артатын адамдар бар.

Сондай-ақ, Киелі кітапқа сенбейтін және онда айтылғандарды орында майтын, сонымен бірге жоғарыда аталған маңызды мәселелерде басқа

мәсіхшілерге қосылмайтын қауымдар да бар. Әрине, бұлар ақиқат жолымен жүретін қауымдар емес. Ондай қауымға баратындардың көпшілігі – мәсіхші емес, олар, тіпті, Исаның өздері үшін өлгенін білмейді де.

Иса Мәсіхті уағыздайтын, ақиқат жолындағы қауымдарға баратындардың арасында өздерін мәсіхшіміз деп санағанымен, шын мәнінде Мәсіх жолымен жүрмейтін адамдар да кездеседі. Олар Иса Мәсіхтің өлімі өздері үшін нені білдіретінін түсінбейді. Олар қауымға бір кездері ата-аналары барғаны үшін ғана барады және жұмаққа бару үшін осының өзі жеткілікті деп есептейді. Біз мұндай адамдар үшін сиынып, Құдайдың жоспарын түсінулеріне көмектесуін сұрауымыз қажет.

**Оқу үшін:** Рим. 14:1–13

**Сұрақтар:** Жоғарыдағы әңгімемізде балалар не үшін таласты?

Мәсіхшілердің әр түрлі пікірде болатыны туралы бірнеше мысал келтір.

Қандай маңызды мәселеде мәсіхшілердің пікірлері ортақ?

Кімді шынайы мәсіхші деп атауға болады?

**Мінәжат:** Құдіреті күшті Құдай, Өзіңе сиынып жүрген тіл алғыш адамдарға деген мейрімінің молдығы үшін алғыс айтамын. Маған Өзіңнің Сөзінді түсінуге және басқа пікірдегі мәсіхшілерге тәзімді болуға көмектес. Аумин.

## 38. Кешіру дегеніміз не?

Иса бізді ренжітетін немесе жек көретін адамдарды кешіруге үйретеді. Кешіру дегеніміз – өзіңе жамандық жасаған немесе әділетсіздік істеген адамға кек сақтамау. Киелі кітапта өзімізге жамандық жасаған адамдарды кешіру туралы көп айтылады.

Жауларымызға қалай қарауымыз керектігін Isa Məcix бізге Өз үлгісімен көрсетті.

Бірде бір уағызшы көшеде Isa туралы уағыз айтып тұрды. Кенет бір адам оның артынан ақырын жақындаپ келді де, оны ұрып жіберді. Тыңдал тұрғандар бұған наразы болып, әлгі адамды полицияға ұстап бермек болды. Осы кезде уағызшы:

– Керегі жоқ! – деп дауыстады.

Адамдар қатты таңданды:

– Ол сізге қастық жасады ғой, сол үшін жазасын тартуы керек.

– Жоқ! – деді уағызшы, – мен айтып жүрген Isa маған ренжіткен адамдарға кешірімді болуым керектігін үйреткен.

Содан соң ол әлгі адамға бұрылды да:

– Мен сізді кешірдім, бірақ есінізде болсын, бұл үшін маған емес, Isa Məcixке қарыздарсыз, – деді.

Мұны естігендер өз құлақтарына өздері сенбеді. Олар Исаны керемет Адам болар деп ойлады және Ол туралы көбірек білгілері келе түсті.

Ал егер уағызшы әлгі адаммен айқайласа кетсе не болар еді? Жиналған жұрт оның сөздерін одан әрі тыңдамас еді. Егер ол әлгімен керілдесе кетсе, онда жиналғандар мәсіхшілер мен басқа адамдардың

арасында көп айырмашылық жоқ екен деп ойлаған болар еди.

Егер сені біреу ренжітсе, өзіңің не істеуің керектігін білесің бе? Өкпелеу немесе ашулану оңай, бірақ Мәсіх сенің өкпең мен ашыныңды басуыңа көмектеседі. Осыған Исадан қуат алған біз Онымен мәңгі бірге болатынымызға қуанамыз. Ол бізді шыдамдылықта үйретеді, соның арқасында біз өзімізді ренжіткен, бірақ Иса оларды да біз секілді жақсы көретін адамдарға кешірімді бола аламыз.

**Оқу үшін:** Матай 18:21–35

**Сұрақтар:** Өзінді ренжіткен адамға не істейсің?  
Біз кешірген кезімізде, жүрегімізде кек алу тілегі қала ма?  
Өзімізді ренжіткендерді қанша рет кешіруіміз керек?

**Мінәжат:** Аспандағы Әкеміз, Саған күнәларымды кешіргенің үшін алғыс айтамын. Сен маған көп нәрсені кешірдің! Маған өзімді ренжіткендерді кешіруге, оларды жақсы көрүіме және оларға Өзің тұралы айтуыма көмектес. Аумин.

### 39. Сенің сыйлығың

Исаның саған сыйлық даярлап қойғанын естіп пе едің? Ол қандай сыйлық? Ол жөнінде менен сұрама, мен білмеймін. Бұл – саған тосын сыйлық болсын.

Ұдайы күнәға батып, жамандықтар жасайтындығыныздан, біз ол сыйлықты ала алмаймыз. Бірақ, Иса Мәсіх ол сыйлықты алу құқын жеңіп алды,

енде Иса оны бізден бөліскісі келеді. Ол бізден бір ғана нәрсені күтеді: біз өз өмірімізден Оған қашалықты риза екенімізді көрсетуге тиіспіз. Біз бұл ризашылығымызды жер бетінде жасаған игілікті істеріміз арқылы көрсете аламыз.

Сондықтан, біздің қалай өмір сүретініміз өте маңызды. Біз жер бетінде аз ғана уақыт өмір сүреміз. Осы 60-70 жыл біз үшін көп болып көріну мүмкін, бірақ бұл мәңгілік өмірмен салыстырғанда түк те емес. Ал біз Құдай балаларының мәңгі өмір сүретінін білеміз. Бізді күтіп тұрган басты сыйлық – ол Мәсіхпен мәңгілік қарым-қатынаста болу. Мәңгілік өмірге барғанда, бұл сыйлықтан құр алақан қалу – үлкен өкініш. Бірақ, ол кезде бәрі кеш болады. Қазір уақыт бар. Сенің бар өмірің көз алдында және сен оны толықтай Мәсіхке арнай аласың. Өз өмірінді кішкентай кезінен бастап Құдайға арнасан, құндердің күнінде үлкен бақытқа кенелесің.

Біз аспанға барғанда, Мәсіх біздің бар істеріміз жазылған кітапты ашады да, бізге не үшін және қандай сыйлық беру керектігін шешеді. Ол жерде көптеген күтпеген жәйттер болатынына сенуіңе болады. Құдай үшін көп нәрсе істедік деп есептеген адамдар өздеріне ештеңе жазылмағанын көреді, себебі, олар Құдайды шын сүймеген. Ал, ештеңені күтпеген кейбіреулер сыйлық алады. Біз өзімізді не күтіп тұрганын білмейміз, бірақ, бізді құтқарғаны үшін, Мәсіхке деген өз алғыстарын игілікті істері арқылы көрсеткендеге өмір тәжінің берілетінін білеміз.

**Оқу үшін:** 3:11–17

**Сұрақтар:** Бізді қандай басты сыйлық күтіп тұр?  
Бұл сыйлықты кім береді?  
Бұл сыйлық кімге беріледі?  
Мәсіхтің сені құтқарғаны үшін, алғысында  
қалай білдіресің?

**Мінәжат:** Иеміз Иса, бізге аспанда сый дайындалған қойғаның үшін алғыс айтамын. Өзінді сүюге, қайырымды болуға, Өзінді мадақтап журуге көмектес. Әрқашан адамдарды өз ісіммен қуантуға, сол арқылы Өзінді мадақтауыма күш бер. Аумин.

## 40. Тәңір күні

Жексенбі – ерекше күн. Бұл күнді Құдай бізге әр түрлі шаруалардан босап, апта бойғы жұмыстан демалу үшін жаратты. Жексенбі күні бізге мектепке барудың қажеті жоқ. Ата-анамыз да бұл күні жұмысқа бармайды. Мұның орнына біз достарымызben бірге қауымға барып, Құдайдың өзімізге жасаған барша жақсы істері үшін алғысымызды айта аламыз. Егер де жексенбілік жиналыстар болмағанда, Құдайды шын жүргегімізден мадақтауымыз едәуір қыынға түсер еді. Құдай біздің өзге мәсіхшілермен араласқанымызды және Өзін бірлесіп мадақтағанымызды қалайды. Бұл – біздің жексенбі күні жасай алатын ең жақсы ісіміз. Сондай-ақ, бұл күні ата-аналар да балаларына өзге күндерге қарағанда көбірек көніл бөле алады.

Бұл күні біз Құдай туралы әдеттегіден көбірек ойланып, Оған қуана алғысымызды білдіруге тиіспіз. Егер біз жексенбі күні жұмыс істесек немесе күні

бойы футбол ойнасақ, мұны істеуіміз қын болар еді. Киеle кітапта: «Құдай жетінші күнге оң батасын беріп, оны қасиетті деп белгіледі. Себебі Ол бұл күні Өзінің жарату жұмысының бәрін бітірген соң тынықты», – деп жазылған. Сондықтан яһуди халқы сенбі күні құрбандық шалып, ғибадатханада мерекелеген. Құдай Исраилге: «Демалыс күнін Маған бағыштап, берік ұстанындар!» – деп бұйырды. Ал мәсіхшілер Мәсіх қайта тірілген күн болғандықтан, сенбінің орнына жексенбі күнін мейрамдайды. Біз бұл күні бір жерге жиналып, Құдайды мадақтаймыз, өзгелерге біздің күнәларымыз үшін өліп, мәңгілік өмір сыйлаған Иса Мәсіх туралы қуанышты хабарды жариялаймыз.

**Oқу үшін:** Ишая 58:13,14

**Сұрақтар:** Жексенбі күнгі ең жақсы іс не?

Жексенбі – аптаның біз Құдай туралы ойлап, Оған мінәжат етуге тиіс жалғыз күні ме?

Біздің жексенбі күні демалғанымызды Құдай не үшін қалайды?

**Мінәжат:** Көктегі Әкеміз, бізге жексенбі күнін сыйлағаның алғыс айтамын. Ол күнді баталы өткізуіме көмектес. Аумин.

## 41. Сен Құдаймен татуластың ба?

Киелі кітапта «татуласу» – деген маңызды бір сөз бар. Саған осы сөздің мағынасын түсіндіргім келеді. Мысалы, әлдекім сенің ойыншығынды сындырып қойса, сен, әрине, бұған қынжыласың немесе оны сындырған балаға ашуланасың. Бірақ, ол сенен кешірім сұрап, ойыншықты абайсызда сындырып алғанын айтса, сен оны кешіріп, еш ренішсіз онымен қайта ойнап кетесің. Әдетте, мұндай жағдайда: «Ойыншығынды сындырған баламен татуластың ба?» – деп сұрайды.

Бірақ, сен кешіргеннен кейін де, әлгі бала саған өштігін қоймаса, бұл – түсініксіз нәрсе болар еді. Ол саған риза болып, қуануға тиіс емес пе? Бірақ, керісінше де болады: сен ол адамды кешіргеніңмен, ол бәрібір саған қырын қабақ көрсетеді.

Құдай мен Оған сенбейтін адамның арасындағы жағдай да осыған ұқсайды. Құдай адамға оның жаман істері үшін ашуланды. Содан соң Иса Мәсіх келіп, адамның күнәсі үшін өлді, соның арқасында Құдай адамды кешіріп, онымен татуласты.

Бірақ, адам Құдаймен татуласпаса, бұл – өте жаман. Құдай оны кешірем десе де, ол Құдайға мойынсұнбайды. Адамдар Құдаймен қарсыласып, өздерінің ойларына келгенін істеуді жалғастыруда.

Құдай ондай адамнан не күтеді? Адам өзінің қателігін мойындалап, Құдайдан кешірім сұрауы тиіс. Егер осылай істесе, ол Құдаймен татуласқанын бірден байқайды. Құдай оны бұрыннан сүйетін, енді ол адам Құдайды сүйеді. Қандай қуаныш! Адам мен Құдай татуласты.

**Оқу үшін:** 1Қорынт. 5:17–21

**Сұрақтар:** Татуласу деген сөз нені білдіреді?

Құдай сенің күнәнді қашан кешіргісі келеді?

Құдайдың бізді кешіруі үшін не істеуіміз керек?

Сен Құдаймен татусың ба?

**Мінәжат:** Аспандағы Әкеміз! Сенімен араздықта өмір сұру қандай жаман. Сен маған әрқашан мейірімдің. Сен мені қатты сүйесің, сондықтан маған да Өзінді солай сүюге көмектес. Мұны Сенен Иса Мәсіхтің атынан сұраймын. Аумин.

## 42. Құдайға құлшылық ету туралы

Құдайға құлшылық ету жиналыштарына үнемі барып тұрудың маңызы неліктен аса зор? Себебі, Құдай біздің өзге мәсіхшілермен кездесіп, Құдайдың өзімізге істегендері туралы бөліскенімізді және Өзіне бірлесіп мінәжат еткенімізді қалайды. Егер біз Құдайға құлшылық ету жиындарына бармайтын болсақ, онда Құдайды суюмізді әрі қарай жалғастыруымыз қыынға түседі. Құдай бізді қарым-қатынас жасауға мұқтаж етіп жаратты.

Есінде болсын, егер сен Құдайға құлшылық ету жиналышына барсан, онда сені Өзінің сүйіспеншілігі жайлы көбірек біле түссін және оны басқаларға да айтсын деп, Құдайдың Өзі жіберіп отыр. Сондықтан, сен онда айтылғандарды мұқият тыңдалап, өзінді ешкімге кедергі жасамайтындей ұстауың керек.

Жиналышқа Мәсіхті әлі білмейтін достарынды

ерте барудың маңызы зор. Сенің Иса жайынан бейхабар достарың бар ма? Мүмкін, сен оларды Құдайға құлшылық ету жиынына шақырып көрерсің? Сонда олар да Құдайдың өздерін сүйеттінін білер еді.

Кейде балаларға уағызшылардың сөзін тыңдалап, ұзақ отыру қыынға түседі. Бірақ тыныш отырып, мұқияттыңдау өте маңызды. Кейде, уағызшының айтып тұргандары саған түсініксіз болуы мүмкін. Ондай кезде тыныш отырып, естігенің жайлы мұқият ойлануыңа болады.

Егер сенбі күні ертең құлшылық ету жиналышына баратыныңды есіне түсірсөң, онда Құдайға Өзінің сөздерін жақсырақ түсінуің көмектесуін сұрап мінәжат ет. Осылайша, сен ол жерге жақсы дайындықпен барасың және тыныш отыруың қыынға түспейді.

**Оқу үшін:** Евр. 10:24,25

**Сұрақтар:** Құдайға құлшылық ету жиынына бару неліктен маңызды?

Жиналыштарға бару арқылы, сен өзге балаларға қалай көмектесе аласың?

Жексенбілікжиналыш туралы сенбіден бастап ойлаудың маңызы қандай?

Егер тыныш отыра алмайтын болсақ, жиналышқа баруымыз қажет пе?

**Мінәжат:** Аспандағы Әкеміз! Өзің жайлы әңгімелесе алатын өзге де мәсіхшілердің болғаны үшін алғысымды айтамын. Саған барлық уағыздаушылар үшін алғыс айтамын. Оларға батанды бер және келесі жексенбіге жақсы дайындалуларына көмектес. Онда айтылғандардың бәрін түсінуіме көмектес. Аумин.

### 43. Ержеткенде кім болғың келеді?

Сен бұл жөнінде ойланып па едің? Өмірде мамандықтың көптігі сондай, мүмкін, сен олардың қайсысын таңдарынды білмей жүрген боларсың? Дәрігер немесе инженер, механик немесе тігінші мамандықтарының бірін таңдал алуыңа болады. Бірақ, сенің кім болатыныңды өзірдің өзінде біліп отырған Біреу бар. Ол – Жаратқан Ие. Уақыты келгенде, Ол саған қандай мамандықтың лайықты болатынын айтЫП береді. Сондықтан, бұл жөнінде уайымдама!

Бірақ, Құдай мұны саған қалай айтады? Оның сенімен сөйлесуге көптеген мүмкіндіктері бар. Мысалы, Оның саған берген дарындары. Балалардың арасында тума шеберлер болады, сондай-ақ, шегені дұрыстап қаға алмайтын, бірақ, әндіжақсы айтатындар да бар, ал кейбірінің музыкаға мүлде икемі болмайды. Егер Құдай сені шебер етіп жаратпаса, онда Ол саған, мысалы, құрастырушу бол деп айтпайды. Мүмкін, Ол саған пианинода немесе скрипкада тамаша ойнау қабілетін берген болар, онда сен белгілі музыкант бола аласың. Немесе, Ол саған дәрігер немесе жазушы болуға дарын берген шығар. Мүмкін, сен дәрігер емес, электрик болуды қатты аңсайтын шығарсың, осылайша, Құдай сені дәрігер жасағысы келмейтінін өз тілегің арқылы білдіреді.

Әр түрлі мамандықтарды көз алдыңа елестетіп, олардың қайсысы өзіңе көбірек ұнайтынын ойлау керек. Өскен кезінде, сені белгілі бір мамандық бәрінен де артық қызықтыратын болады. Егер

сұрайтын болсаң, Құдай сенің мамандықты дұрыс немесе бұрыс таңдағаныңды көрсетіп береді.

Кейбір үлдар мен қыздар өскенде өздерінің кім болатынын кішкентай кездерінен біледі, ал екіншілері мұндай шешімге мектепті аяқтаған кездерінде келеді. Кейде, Құдай біздің кім болатынымызды алдың ала білдірмей, ержеткенімізді күтеді. Уақыты келгенде, Ол мұны бізге көрсетеді, тек Оған үміт арту керек!

**Оқу үшін:** 1Қорынт. 12:12–31

**Сұрақтар:** Біздің мамандық таңдауымызға  
Құдай қалай көмектеседі?  
Егер біз Одан ақыл-кеңес сұрасақ, Ол  
біздің теріс әрекет жасауымызға жол  
бере ме?  
Құдай бұл сұрағымызға біздің бала  
кезімізде әрқашан жауап бере ме?

**Мінәжат:** Иеміз Иса, маған белгілі бір тапсырма дайындалғанда қойғаныңды білемін және соны Сенің құрметің үшін орындауға дайынмын. Есейген кезімде, менің өмірдегі орнымды көрсетуінді өтінемін. Уақыты келгенде, маған жолымды көрсететініңе сенемін. Аумин.

## 44. Құдаймен сөйлесуге кімнің құқы бар?

Егер сен астанада болып, аяқ астынан мемлекет басшысымен сөйлескің келсе, онымен сөйлесе алар ма едің? Әрине, жоқ! Саған бұл үшін айрықша рұқсат керек, өйткені өзімен сөйлескісі келген адамның бәрімен кездесуге оның уақыты жоқ. Мемлекет басшысының алдында болу – ерекше құрмет: оған әркімнің қолы жете бермейді.

Құдай мемлекет басшысынан әлдеқайда жоғары, егер бұлай ойлайтын болсақ, Онымен сөйлесуге ешкімнің құқы жоқ болып шығар еді. Бірақ, таңқаларлығы сол, біз қашан барсақ та, Ол қуанышты болады! Ол бізді әрқашан шақырады және кез келген уақытта қабылдайды.

Жаратушыңмен кездескен шынында да қызық болар еді ғой, солай емес пе? Бәрін Білушімен әңгімелесудің жанға жағымды болары сөзсіз. Мұндай шақыру алсан, әрине, сен қатты толқыр едің. Құдай сені шақырады. Тіршіліктің барлығын Жаратқан Ол, сенің өмірінді де Өз қолына алып, оны басқарғысы келеді. Сені қабылдап, тындауға Оның әрқашан да уақыты бар.

Сондықтан сен Онымен кездесе аласың! Егер кездесуді қаласан, онда көзінді жүм да, басынды иіп, Құдайдың өзінді қаншалықты сүйеттің туралы ойла! Оған ойындағының бәрін айтып бер! Алдымен, Оның өзіңе деген мейірімі үшін, содан соң өзіңнің күнәң үшін өлген Иса Мәсіх үшін алғыс айт. Жылды киімдерің үшін, ата-анаң мен достарың үшін алғысынды білдір. Оған өзіңнің мектепке бара

алатының үшін алғысынды айт, кейбір елдердегі балалардың мұндай мүмкіндіктері жоқ.

Егер Оған айтатын өтінішің болса, аландамай айта беруіңе болады. Оған деген тілектерің мен өтінішің болса, Құдай бұған тек қуанады.

Құдай сені ести ме? Иә. Olsen сенің қасында және сенің не айтайын дегеніңді, қандай ойың бар екенін біледі. Тіпті, сен өзіңнің қалағанынды естіртіп айтпай-ақ қойсаң да болады: Құдай сенің жүргінде болып жатқанның бәрін де біледі.

Құдай сенің Өзіне келіп, әңгімелескеніңді жақсы көреді. Өйткені, сен Оның баласысың! Olsen сенің Досың әрі Өкең! Сонымен, Оған өзіңнің бар мұқтаждықтарынды айтып бер және Оның зор сүйіспеншілігі үшін алғысынды білдір!

**Оқу үшін:** Евр. 4:16

**Сұрақтар:** Сен мемлекет басшысымен кез келген уақытта сөйлесе аласың ба?  
Неліктен Құдайдың кез келген басшыдан үлкен екенін түсіндір?  
Біз Құдаймен қаншалықты жиі сөйлесе аламыз? Неліктен?  
Өзіңнің Құдайға айтуың қажетті бірнеше нәрсені ата.

**Мінәжат:** Көктегі Өкеміз! Өзіңе кез келген уақытта келіп, мұқтаждықтарымды айта алатыным үшін алғыс айтамын. Мені мінәжат етуге үйрет және Өзіңнің ұлылығың мен мейірімділігінді ешқашан да ұмытпауыма көмектес. Саған бәрі үшін алғыс айтамын. Аумин.

## 45. Өтірік

Құдайдыңжеккөредеалатынысенітандырмай ма? Әдетте біз, Құдай – сүйіспеншіліктің Құдайы деп білеміз. Ол рас. Бірақ, Ол кейбір нәрселерді жек көреді, мәселен: өтірік! Сондықтан, біздің өтірік айтудан бас тартқанымыз жөн.

Құдай Өзінің балаларының ізгілікті болғанын және олардың сөздері сенім артуға лайықты болып, айтқан сөздерінде түрғанын қалайды. Мысалы, егер олар құпияны ашпауға уәде берсе, онда қанша сұраса да ол құпияны айтпауға тиіс.

Бірақ, тек қана шындықты айтамыз деп, кей кездері қыын жағдайларға тап болып жүрмейміз бе? Ондай да болады! Егер сен бір жаман қылыш жасап, оны мойындасан, онда сені жазалауы мүмкін. Бірақ, өтірік айтқаннан гөрі, әділ жаза алған жақсы. Егер күнәнді мойындаудың орнына өтірік айтатын болсан, онда сен екі есе қателік жасайсың. Сондықтан Құдай сені екі күнәң үшін жазалауға мәжбүр болады. Өйткенше, шыныңды айтып, ата-анаңнан ғана жаза тартқаның артық.

Шындықты ғана айтқанды ұнататын қыздар мен балалар сенім артуға тұрарлық адамдар болып өседі. Оларға сенім артуға болатындықтан, ондай адамдар жауапты қызметтерге қойылады.

Бірақ, кейде біз өтірік айтсақ, мақсатымызға тезірек жететіндей болып көреміз. Бұл – мұлде олай емес. Біз Құдайға сенім артуымыз керек. Егер адап болсақ, Ол бізге көмектеседі.

**Оқу үшін:** Ефес 4:25; Қолос. 3:9; Жохан 8:44

**Сұрақтар:** Балалар өтірік айтқанда, кім қуанады?

Кейде, адамдар өтірік айту арқылы көптеген жетістіктерге жетеді және оны ешкім сезбей қалады, яғни, кейде өтірік айтқан да дұрыс шығар? Әлде, олай емес пе? Неліктен?

Егер өтірік айтсақ, Құдай бізді кешіре ме? Өтірік айтқанымызды байқасақ, біздің не істеуіміз керек?

**Мінәжат:** Жаратушы Ие, әрқашан менің қателіктерімді көрсетіп отыратының үшін алғыс айтамын. Мені кешір және қанша қыын болса да, әрқашан шындықты айтуыма көмектес. Аумин.

## 46. Барлық тіршілік атаулыны жаратқан кім?

Сенің балшықтан немесе құмнан бір нәрсе жасаған кезің болды ма? Одан кәдімгі үй немесе жануарлар жасай алсаң, өте қызықты болады ғой, солай емес пе? Ал сен балшықтан тірі ит жасауға талпынып көрдің бе? Әрине, оныңнан ештеңе шықпайды. Тірі нәрсені тек Құдай ғана жасай алған. Ешбір адам ешқашан тіршілік иесін жасай алған емес. Ол тек Құдайдың ғана қолынан келеді.

Тіршілік қалай пайда болды? Алғашқы ит қайдан шықты? Жер қалай пайда болды? Киелі кітап мұны

өте айқын түсіндіреді: оның бәрін Құдай біз үшін жаратты. Біз мұны тек Құдай ғана істей алатынын білеміз.

Бірақ, әлемді жаратқан Құдай емес, тіпті Құдай жоқ деп есептейтін адамдар да бар. Олар миллиондаған жылдар бұрын балшықтың бір кесегі өздігінен дамып, тіршілік ете бастады деп ойлайды. Бұлай ойлау – барып тұрған ақымақтық! Бұл адамдар өмірдің қалай басталғанын білмейді, сөйті тұра, Құдай жоқ деп сендіруге тырысады.

Киелі кітап: Құдай бүкіл әлемді жаратып болған соң, адамды жаратып, оның мұрнына тіршілік лебін үрледі дейді. Мұндай өмірді тек Құдай ғана бере алады.

Теңіз жағасында Айдар мен Болат деген екі дос серуендер жүрді.

– Меніңше, бұл әлемді Құдай жаратқанын немесе олай емес екенін біз ешқашан біле алмаймыз, – деді Айдар.

Кенет, олар құмнан адамның аяғының ізін байқады.

– Бұл жермен таңертең біреу жүріпті, – деді Айдар.

– Солай ма? Сен бұған сенімдісің бе?

– Өзің де көріп тұрсың ғой! Мұнда біреудің ізі қалыпты, яғни, бұл жермен біреу жүрген.

– Көрдің бе! – деді Болат. – Әлемді Құдай жаратты деп дәл осындаған сеніммен айтуға болады, өйткені, ағаштар мен гүлдер, күн мен жаңбыр, жалпы табиғат. Оның ізі болып табылады, олар Құдайдың – Жаратушы екенін білдіреді.

- Оқу үшін:** Жар. баст. 1:1–23
- Сұрақтар:** Қандай да бір адам тірі нәрсе жаратып көрді ме?  
Аспандағы жұлдыздар қалай пайдада болды?  
Неліктен кейбір адамдар өздерін Құдай жаратқанын мойындағылары келмейді?

**Мінәжат:** Көктегі Өкеміз, бүкіл әлемді жаратып, бізге өмір сыйлағаның үшін ризамын. Бір құні мені Өзіңе алып кетіп, сонда Сенімен мәңгі бірге болатыным үшін алғыс айтамын. Осының бәрін мүмкін еткен Иса Мәсіх үшін де алғыс айтамын. Аумин.

## **Мазмұны**

Бір ғана Құдай бар .....	5
Құдай деген кім? .....	6
Құдай қайдан пайда болған? .....	8
Егер Құдайды көре алмасақ, Оның бар екеніне қалай сенеміз? .....	10
Құдай Өкө, Құдай Ұл және Киелі Рух Құдай .....	12
Құдай адамды не үшін жаратты? .....	14
Ұлы Жаратушы туралы көбірек біле түсейік .....	16
Перштепер .....	17
Шайтан деген кім? .....	20
Адам ата мен Хая ананың жаратылуы .....	22
Бұл әлемге күнө қалай енді? .....	23
Күнөдан Құтқаруышыны жіберу – Құдай жоспары .....	25
Біздің мейірімді Бақташымыз .....	28
Егер Исаға: «Менің жеке Құтқарушым бола гөр», деп өтінсек не болады? .....	29
Иса мені не үшін құтқарды? .....	31
Егер мен жақсы болуға тырыссам, Иса мені құтқара ма? .....	32
Патшаның бапалары .....	34
Дүниеге келерден бұрын .....	36
Иса қайда болды? .....	36
Иса-Сәбидің өзге балалардан қандай айырмашылығы болды? .....	37
Иса жасаған кереметтер .....	39
Иса Мәсіхтің өлуі .....	42
Иса Мәсіхтің қайта тірілуі .....	43

Иса Өзінің Әкесіне қайтып оралды .....	47
Иса тағы да келеді .....	48
Киелі Рух .....	50
Мәсіхшілердің теріс қылыш жасауға құқы бар ма? .....	52
Сенің жүргінің тағында кім отыр? .....	53
Сенің жүргінің тағында әрқашан патша болуы керек? .....	55
Жеміс беру .....	57
Адамның Құдайды сүйеттінін қалай білуге болады? .....	59
Құдайдың балалары қунә жасаса не болады?.....	61
Неге біз кейде жазалануымыз керек? .....	62
Құдайдың хаты .....	64
Киелі кітапта жазылғандардың шындық екенін қайдан білесің? .....	66
Егер біз Киелі кітапты оқымасақ, не болады? .....	68
Құдай менен нені қалайды? .....	70
Неліктен мәсіхшілер әрдайым бірлікте болмайды?.....	72
Кешіру деген нені білдіреді?.....	75
Сенің сыйлығың .....	76
Тәнір қуні .....	78
Сен Құдаймен татусың ба? .....	80
Құдайға құлшылық ету туралы .....	81
Ержеткенде кім болғың келеді? .....	83
Құдаймен сөйлесуге кімнің құқы бар? .....	85
Өтірік .....	87
Барлық тіршілік атаулыны кім жаратты? .....	88

Іса. Эзінің дәлелдерінде	47
Іса күні де жағынан	48
Киана	49
Мемлекеттің мемлекеттік	50
жаздаудың мақсаты	51
Сөзің жүргізілген тегінде оның	52
Сөзің жүргізілген тегінде оның	53
песни болып көрді	54
Шебіс беру	55
Азаттың құдайлары	56

Осы кітап жайлы ой-пікіріңіз немесе сұрақтарыңыз болса, мына мекен-жайға хабарласыңыз:

050031 Алматы  
п/ж 68  
«ШЫFYC СӘУЛЕСІ»

liokaz@pactec.kz  
Commercom@topmail.kz  
www.shsaulesi.at.ua

Сеймінде	71
Кешіру деген шеңі	72
Сеймің ісімділікін	73
Тәсір күні	74
Сияқтаудан көздерін	75
Көтөрді	76
Күннен күнне	77
Болашақта	78
Күннен күнне	79
"Веретельный"	80
баспаханасында басылды.	81
Есік қаласы, Бәлек,	82
Заводская көшесі, 7.	83
Таралымы – 5000 дана.	84